

«Самұрық-Қазына»  
**ЖЫЛЖЫМАЙТЫН**  
**МҮЛІК ҚОРЫ**



Жылдық есеп  
Годовой отчет

**2011**



## МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	2
Басқарма төрағасының үндеуі	3
Жылжымайтын мүлік қоры туралы ақпарат	4—7
Корпоративтік басқару	8—17
Елеулі корпоративтік оқиғалар	18—19
Қызметтің негізгі көрсеткіштері	20—23
Қызметтің негізгі бағыттары	24—31
Тәуекелдерді басқару	32—33
HR-менеджмент	34—35
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік	36—37
2012 жыл келешектері	38—39
Тұрғын үй құрылысы секторын талдау	40—49
2011 жылдың қаржылық есептілігі және тәуелсіз аудиторлардың есебі	50—88

## СОДЕРЖАНИЕ

Обращение Председателя Совета директоров	90
Обращение Председателя Правления	91
Информация о Фонде недвижимости	92—95
Корпоративное управление	96—105
Существенные корпоративные события	106—107
Ключевые показатели деятельности	108—111
Основные направления деятельности	112—119
Управление рисками	120—121
HR-менеджмент	122—123
Корпоративная социальная ответственность	124—125
Перспективы на 2012 год	126—127
Анализ сектора жилищного строительства	128—137
Финансовая отчетность за 2011 год и отчет независимых аудиторов	138—176



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2011 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруға жәрдемдесуге, атап айтқанда үлескерлердің проблемаларын шешуге және қаңтарылған құрылыс объектілерін аяқтауға бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберіндегі өз қызметін жалғастырды.

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры 21 объектінің құрылысына 72,6 млрд теңге, соның ішінде 2011 жылы — 26,5 млрд теңге инвестиция салды.

2011 жылы 10 объекті пайдалануға беріліп, 1500-нан астам үлескердің проблемасын шешуге мүмкіндік туды.

2011 жылы Жылжымайтын мүлік қоры тобының таза пайдасы 3,2 млрд теңге болды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 9 есе артық.

Есепті кезеңде Жылжымайтын мүлік қоры жалдамалы тұрғын үй бағдарламасын іске асыруын жалғастырды. Аталған бағдарлама шеңберінде сатып алынған пәтерлер халыққа сатып алу құқығымен жалға беру жолымен өткізілді.

Тұрғын үй объектілерін салу бойынша екі пилоттық жоба бекітілді, олар таяу келешекте іске асырылмақ және оларды іске асыруға 17 млрд-тан астам теңге бөлінеді.

2012 жылы Жылжымайтын мүлік қоры алдында дағдарысқа қарсы бағдарламаны аяқтау, Мемлекет басшысының 2012 жылғы Жолдауында айтылған «Қолжетімді тұрғын үй — 2020» бағдарламасын іске асыруға қатысу міндеттері тұр.

Жылжымайтын мүлік қорының корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге және Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыруға аса назар аударылатын болады.

2012 жылы Жылжымайтын мүлік қоры алдында өршіл жоспарлар тұр. Жылжымайтын мүлік қорының ұжымы қойылған міндеттерді табысты әрі тиімді іске асыратынына сенімдімін.

*Қ.У.Бишімбаев*

*«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы*

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Назарларыңызға «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорының 2011 жылға арналған есебін ұсына отырып, бірінші кезекте компаниямызды көздеген мақсаттарына жетуіне мүмкіндік берген серіктестеріміз бен әріптестерімізге табысты ынтымақтастығы үшін ризашылығымды білдіргім келеді.

2011 жылы Жылжымайтын мүлік қорының қызметі дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға бағытталған болатын.

Осылайша, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры 21 объектінің құрылысына 72,6 млрд теңге инвестиция салды.

Сонымен, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры 1581 үлескердің мәселесін шешті.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асырумен қатар, Жылжымайтын мүлік қоры халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған Тұрғын үй құрылысы бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынды.

Нәтижесінде, 2011 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №329 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2011—2014 жылдарға арналған бағдарламасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы №1524 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, аталған өзгерістер Жылжымайтын мүлік қорының Астана және Шымкент қалаларында тұрғын үй объектілері бойынша пилоттық жобаларды қаржыландыруын көздейді. Пилоттық жобаларды іске асыру қосымша 146 мың ш.м. тұрғын үйді пайдалануға беруге мүмкіндік береді.

2012 жыл Жылжымайтын мүлік қоры үшін жаңа даму кезеңі болмақ — дағдарысқа қарсы бағдарлама аяқталып, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның 2020 жылдарға дейінгі тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру басталады.

Жылжымайтын мүлік қоры қаржыландырылған объектілердің құрылысындағы қазақстандық қамтуды арттыруға одан әрі де ықпал етеді.

Активтерді басқару шеңберінде Жылжымайтын мүлік қорының қызметі жылжымайтын мүлік пулы үлесін арттыруға, жылжымайтын мүлікті күтіп ұстаумен байланысты шығыстарды оңтайландыруға бағытталады.

Корпоративтік басқару, соның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылатын болады.

Жылжымайтын мүлік қорының ұжымы қойылған мақсаттардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететіндігіне сенім білдіремін.

*Б.А. Палымбетов*

*«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасы*



## Құрылу тарихы және акционерлері

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Жылжымайтын мүлік қоры, Қоғам, Қор) «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешудің кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 қаулысына сәйкес құрылды.

Жылжымайтын мүлік қоры Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігінің 2009—2010 жылдарға арналған экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимылдары жоспарын (бұдан әрі — Бірлескен іс-қимылдар жоспары) іске асыру шеңберінде құрылыс объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу, аталған мүлікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — «Самұрық-Қазына» АҚ) Жылжымайтын мүлік қорының Жалғыз акционері болып табылады. «Самұрық-Қазына» АҚ 400 еншілес және тәуелді ұйымды және оларға үлестес заңды тұлғаларды, олардың ішіндегі ең ірілері — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазатомпром» ҰАК АҚ, «Эйр Астана» АҚ біріктіреді.

### «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің негізгі бағыттары:

- ұлттық экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға жәрдемдесу;
- елдің экономикасын тұрақтандыруға жәрдемдесу;
- компаниялардың қызметінің тиімділігін арттыру.

Жылжымайтын мүлік қоры 2009 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу органдарында тіркелді.

Қоғамның құрылу сәтіндегі акциялар эмиссиясы 15 000 000 қарапайым акция болды. Бір акцияның номинал құны 1 000 теңге.

2011 жылғы 5 қыркүйекте Қоғамның Директорлар кеңесі 1 247 541 қарапайым акцияны орналастыру туралы шешім қабылдады, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша олардың 1 219 239 акциясы орналастырылды, бір акцияның номинал құны 4 000 теңге<sup>1</sup>.

Қоғам акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға (бұдан әрі — Жалғыз акционерге) тиесілі.

Құнды қағаздарды ұстаушылардың тізілімін 2005ж.10.03. №0406200345 лицензия негізінде әрекет ететін «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» АҚ жүргізеді.

## ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

<sup>1</sup> 2012 жылғы 29 ақпанда 28 302 акция орналастырылды, оның ішінде номинал құны 4 000 теңге 28 301 акция, номинал құны 2 490 теңге — 1 акция.



## Миссиясы, көздегені, стратегиялық бағыттары мен мақсаттары

### Миссиясы

Тұрғын үй құрылысын инвестициялау арқылы халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру

### Көздегені

Тұрғын үй құрылысын инвестициялауды және жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруды жүзеге асыратын елдегі жетекші қаржы институты

Жылжымайтын мүлік қоры мемлекеттік саясаттың дағдарысқа қарсы құралынан тұрғын үй құрылысына арналған ресурстарды жұмылдыратын және эконом-кластағы тұрғын үй нарығында «сапа — баға» қатынасы бэнчмаркін құрайтын тиімділігі жоғары компанияға айналуы тиіс.

Бизнес үдерістерді жетілдірумен қатар, корпоративтік мәдениеттің бағыты дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асырудан халықтың сапалы әрі қолжетімді тұрғын үйге қажеттілігіне және пайда алуына бағытталып ауысады.

Жылжымайтын мүлік қорының қызметі орта және ұзақ мерзімді кезеңде компанияның құнын арттыруды көздейді.

### Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары мыналар:

- 1) мемлекетке жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруға жәрдемдесу;
- 2) тұрғын үй құрылысын инвестициялау,
- 3) активтерді басқару.

### Бірінші стратегиялық бағыт шеңберінде Қоғам мынадай стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді жоспарлайды:

- аяқталмаған объектілердің құрылысын олардан үй-жайлар сатып алу немесе басқа да тәсілмен қаржыландыру арқылы аяқтау,
- құрылыс объектілеріндегі қазақстандық үлесті арттыруға жәрдемдесу,
- құрылыс объектілерінің заманауи тұрғын үй стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету.


### Екінші стратегиялық бағыт шеңберінде мынадай стратегиялық мақсаттарға қол жеткізіледі:

- нарықта қолжетімді тұрғын үй ұсыныстарын арттыру;
- озық құрылыс технологияларын пайдалану және тұрғын үй сапасын арттыру;
- тұрғын үй құрылысына жеке инвестицияларды тарту,
- құрылыс индустриясын дамыту және құрылыс компанияларын институционалдық дамыту.

### Үшінші стратегиялық бағыт шеңберінде мынадай стратегиялық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету жоспарланады:

- өткізілмеген жылжымайтын мүлік пулы үлесін азайту;
- шығындарды оңтайландыру және қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу.

## «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ компаниялары тобының құрылымы <sup>2</sup>



Жылжымайтын мүлік қоры Компаниялар тобы құрылымын оңтайландыру және тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

«ЖМҚ Менеджмент» ЖШС — жалғыз құрылтайшысы Қоғам болатын еншілес компания, 2010 жылы құрылған «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС қызметінің негізгі бағыты тұрғын және коммерциялық жайларды жалға беру болып табылады. 2011 жылы еншілес компанияның тұрғын үй объектілерін күтіп ұстау қызметі бәсекелестік ортаға берілді.

«Зәулім» ЖШС қызметінің негізгі бағыты ғимараттар мен құрылыстар салу, жобалау-зерттеу қызметі, сәулеттік, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстар және инжиниринг қызметтері болып табылады.

<sup>2</sup> 2012 жылғы 25 қаңтардағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры «Зәулім» ЖШС еншілес компаниясының 100% үлесін «ҚазМұнайГазСервис» ЖШС-ға өткізді»



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### Корпоративтік басқару жүйесі

**Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметінде «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған корпоративтік басқару қағидаттарын басшылыққа алады:**

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қоғамды тиімді басқаруы қағидаты;
- Қоғамның дербес қызмет ету қағидаты;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен шынайылығы қағидаттары;
- заңдылық пен әдеп қағидалары;
- тиімді дивиденд саясаты қағидаттары;
- қызметшілерді басқарудың тиімді саясаты қағидаттары;
- қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- корпоративтік даулар мен мүдделер дауларын реттеу саясаты;
- жауапкершілік қағидаты.

**Жалғыз акционер** — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның жоғарғы органы болып табылады. Жалғыз акционер Қоғам қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті. Оның функциялары мен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қоғам Жарғысының ережелері мен Жалғыз акционердің ішкі құжаттарында айқындалған.

**Директорлар кеңесі** Қоғам қызметіне жалпы басшылық етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, атқарушы органның қызметіне бақылау жүргізеді. Директорлар кеңесі толықтай Жалғыз акционерге есеп береді және оның алдында өз міндеттерін орындауға жауапты болады.

**Басқарма** — Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ететін атқарушы орган.

**Ішкі аудит қызметі** Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында қаржылық-шаруашылық қызметін бақылайды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласын бағалайды, корпоративтік басқару мен кеңес беру саласындағы құжаттардың орындалуына бағалау жүргізеді. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайлана алмайды.

### Қоғамның Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі 2011 жылы 6-дан 7 мүшеге дейін көбейді (Директорлар кеңесінің Төрағасын қоса есептегенде). Директорлар кеңесінің құрамына екі тәуелсіз директор кіреді.

**Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы (2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)**

**Бишімбаев Қуандық Уәлиханұлы • Директорлар кеңесінің төрағасы**

**Туған жылы:** 11.04.1980ж.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 2011ж. 21 маусым

**Директорлар кеңесінің құрамына осы жолғы сайланған күні:** 2011ж. 21 маусым

**Білімі:** Экономикалық ғылымдар кандидаты

1999—2001 — Дж. Вашингтон атындағы университет, бизнес әкімшілендіру магистрі («Болашақ» бағдарламасы бойынша);

1997—2002 — М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, құқықтану;

1995—1999 — Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясы, халықаралық экономикалық қатынастар

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдарда істеген жұмыс орны мен атқарған қызметтері:**

2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары;

2010—2011 — ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі, вице-министр;

2009—2010 — ҚР Президентінің әкімшілігі, ҚР Президентінің көмекшісі;

2008—2009 — ҚР Президентінің әкімшілігі, Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі;

2007—2008 — ҚР Индустрия және сауда министрлігі, вице-министр;

2006—2007 — ҚР Индустрия және сауда министрлігі жанындағы «Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ, Президент;

2006 — Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Кеңесі, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі;

2005—2006 — Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Министрдің кеңесшісі.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



**Палымбетов Болат Әбілқасымұлы • Директорлар кеңесінің мүшесі**

**Туған жылы:** 28.07.1961ж. **Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 2011ж. 23 мамыр  
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы **Директорлар кеңесінің құрамына осы жолғы сайланған күні:** 2011ж. 23 мамыр

**Білімі:** Экономикалық ғылымдар кандидаты  
1979—1984 — В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, инженер-жүйелер технигі.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдарда істеген жұмыс орны мен атқарған қызметтері:**

2011ж. мамырдан қазіргі уақытқа дейін — «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, Басқарма төрағасы;  
2010—2011 — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ, Басқарушы директор — Басқарма төрағасының орынбасары;  
2007—2010 — «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ, Басқарма төрағасы;  
2006—2007 — «ҚазПетроМаш» ЖШС, Бақылау кеңесінің (Директорлар кеңесінің) төрағасы;  
2006ж. қаңтардан — 2006ж. қазанға дейін ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, вице-министр;  
2002—2006 — Маңғыстау облысының әкімі.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*

**Прасад Бамре • Директорлар кеңесінің мүшесі**

**Туған жылы:** 13.08.1968ж. **Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 2011ж. 7 қараша  
**Азаматтығы:** Канада **Директорлар кеңесінің құрамына осы жолғы сайланған күні:** 2011ж. 7 қараша

**Білімі:**  
2002—2003 — Кеннеди атындағы Басқару мектебі, Гарвард университеті (АҚШ), Мемлекеттік басқару магистрі (экономика, халықаралық қаржы);  
1990—1992 — Торонто университеті (Канада), ақпараттық жүйелері магистрі;  
1985—1989 — Пуне университеті (Үндістан), өндірісті ұйымдастыру саласында бакалавр.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдарда істеген жұмыс орны мен атқарған қызметтері:**

2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, Басқарушы директор;  
2007—2011 — «Kun Renewables Solar Polysilicon» (Қазақстан), Президент;  
2006—2007 — «Қазына» орнықты даму қоры, Басқарма төрағасының орынбасары;  
2004—2006 — ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, министрдің экономика мәселелері жөніндегі кеңесшісі.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*

**Жақсыбаев Бақыт Қалмырзаұлы • Директорлар кеңесінің мүшесі**

**Туған жылы:** 04.11.1981ж. **Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 2011ж. 7 қараша.  
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы **Директорлар кеңесінің құрамына осы жолғы сайланған күні:** 2011ж. 7 қараша.

**Білімі:**  
2006—2008 — Шымкент университеті, есеп және аудит;  
2005 — ҚР әділет органдарының, мемлекеттік және өзге ұйымдарының қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты, біліктілігін арттыру  
1963—1967 — Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, халықаралық құқық.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдарда істеген жұмыс орны мен атқарған қызметтері:**

2011ж. мамырдан — қазіргі уақытқа дейін — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, Арнаулы салалық бағдарламалар департаментінің директоры;  
2010—2011 — ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі, Өңірлік саясат және бюджетаралық қатынастар департаменті директорының орынбасары, Экономика салаларын дамыту департаментінің директоры;  
2010 — ҚР Президентінің әкімшілігі, ҚР Президенті кеңсесінің кеңескері;  
2009—2010 — ҚР Президентінің әкімшілігі, Әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімінің сарапшысы;  
2008—2009 — ҚР Индустрия және сауда министрлігі, Индустриялық даму департаментінің сарапшысы;  
2007—2008 — ҚР Индустрия және сауда министрлігі, Индустриалдық-инновациялық саясат департаментінің бас маманы;  
2005—2006 — Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті, жетекші маман.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*

**Долженков Виктор Анатольевич • Директорлар кеңесінің мүшесі**

**Туған жылы:** 19.05.1948ж. **Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 2009ж. 17 наурыз.  
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы **Директорлар кеңесінің құрамына осы жолғы сайланған күні:** 2009ж. 17 наурыз.

**Білімі:**  
1974—1979 — В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, инженер-құрылысшы;  
1963—1967 — Алматы құрылыс техникумы, Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдарда істеген жұмыс орны мен атқарған қызметтері:**

2008 — қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласы әкімінің орынбасары;  
1995—2008 — Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*

**Әбдіжаппаров Талғат Қайырбайұлы • Тәуелсіз директор**

**Туған жылы:** 28.09.1961ж. **Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 2009ж. 14 қазан.  
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы **Директорлар кеңесінің құрамына осы жолғы сайланған күні:** 2009ж. 14 қазан.

**Білімі:** экономикалық ғылымдар кандидаты  
2007—2008 — Executive MBA, «Стратегиялық менеджмент» курсы;  
2004—2006 — Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, заң факультеті;  
2002—2004 — Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, экономика магистрі;  
1997—2002 — Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, экономика және бизнес.

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдарда істеген жұмыс орны мен атқарған қызметтері:**

2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін — Алматы қаласының мәслихаты, 4-шақырылым депутаты, «Нұр Отан» ХДП хатшысының кеңесшісі;  
2005 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Қазақстан ардагерлері» Ауғанстандағы соғыс ардагерлері ұйымдарының қауымдастығы Басқарма төрағасының орынбасары, Алматы қаласы полициясы қызметін бақылау жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшесі;  
2004—2007 — «Стратегия Успеха» ИҚЖ ЖШС, бас директор;  
2001—2008 — «А-Трейд» ЖШС, бас директор.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*

**Найджел Стейплтон • Тәуелсіз директор**

**Туған жылы:** 01.11.1946ж. **Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күні:** 2011ж. 7 қараша.  
**Азаматтығы:** Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен корольдігі **Директорлар кеңесінің құрамына осы жолғы сайланған күні:** 2011ж. 7 қараша.

**Білімі:**  
1982 —Стэнфорд университеті, Басшыларға арналған бағдарлама (АҚШ).  
1973 — Бухгалтерлер мен өндірістік кәсіпорындардың және басқару институты  
1965—1968 — Кембридж университеті (Ұлыбритания), магистр дәрежелі (экономика және саясат);

**Соңғы бес жыл ішінде ұйымдарда істеген жұмыс орны мен атқарған қызметтері:**

2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Қазпочта» АҚ, Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры;  
2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Mineworkers Pension Scheme», Қамқоршылық кеңестің төрағасы (толық емес уақыт).  
2001—2011 — Лондон Қор биржасы, Атқарушы емес директор;  
2004—2011 — Postal Services Commission (Ұлыбританияның пошталық қызметтер комиссиясы), Комиссия төрағасы және ведомство басшысы (үкіметтік емес ұйым, британдық пошталық қызметтерді тәуелсіз реттеуші).  
2001—2006 — «Uniq» ААК, Директорлар кеңесінің төрағасы.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*

2011 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінде 17 отырыс, олардың ішінде 5 іштей және 12 сырттай отырыс өткізілді. Қоғам қызметінің негізгі аспектілері бойынша 92 мәселе қаралып, 171 шешім қабылданды.

**Директорлар кеңесінің шешімімен мынадай негізгі құжаттар бекітілді:**

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ кадрлар саясаты;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ аудиторлық ұйым қызметтерін тарту саласындағы саясаты;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2011–2013 жылдарға арналған дивидендік саясаты;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерін бағалау және сыйақы төлеу ережесі;
- Аудит жөніндегі комитет туралы ереже және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет туралы ереже.

**Мынадай негізгі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:**

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік басқару кодексі;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ ақпаратты ашу туралы ережесі;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мақұлданып, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына шығарылды.

Директорлар кеңесі Қоғамның миссиясын, көздегенін, стратегиялық бағыттары мен мақсаттарын айқындады, орта мерзімді Даму жоспарына енгізілетін өзгерістерді бекітті, ағымдағы жоспарлау және бюджетке түзетулер енгізу мәселелерін, даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептерді, сондай-ақ Қоғам қызметінің нәтижелері туралы есептерді қарады.

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі жанынан Аудит жөніндегі комитет және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет құрылды.

**Аудит жөніндегі комитет** Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығына тиімді бақылау жүйесін белгілеу, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау, Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылау жөнінде ұсыныстар әзірлеу арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдеседі.

**Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет** Директорлар кеңесіне кадрларды тағайындау, Қоғамның өзге де басшы қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларын жігерлендіру мен сыйақы төлеу жүйесінің мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді.

**Директорлар кеңесі мүшелерінің 2011 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы**

	Директорлар кеңесінің отырыстары
<b>Бишімбаев Қ.У.</b>	9-дың 9-ына
<b>Әбдіжаппаров Т.К.</b>	17-нің 15-іне
<b>Әйтекенов К.М.*</b>	8-дің 8-іне
<b>Долженков В.А.</b>	17-нің 13-іне
<b>Жақсыбаев Б.К.</b>	3-удің 3-уіне
<b>Палымбетов Б.Ә.</b>	9-дың 9-ына
<b>Прасад Б.</b>	3-удің 2-уіне
<b>Стейплтон Н.</b>	3-удің 3-уіне
<b>Өтепбаев Б.О.*</b>	14-тің 14-іне
<b>Хорошун С.М.*</b>	13-тің 9-ына

*\*2011ж.31.12 жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылды.*

Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу заңнамаға және Жалғыз акционердің және Жылжымайтын мүлік қорының ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын атқарғаны үшін сыйақы тәуелсіз директорларға ғана төленеді.

Тәуелсіз директорлар — Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы бекітілген және қосымша сыйақылардан тұрады. Қосымша сыйақы Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін төленеді.

2011 жылы тәуелсіз директорларға төленген бекітілген сыйақының жалпы сомасы 2,14 млн. теңге болды. 2011 жылы тәуелсіз директорларға қосымша сыйақы төленген жоқ.

## Қоғам Басқармасы

Қоғамның атқарушы органы бола отырып, Қоғам Басқармасы Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, Директорлар кеңесіне есеп береді және жүктелген міндеттерінің орындалуы үшін оның алдында жауапты болады.

Қоғам Басқармасы Басқарма Төрағасын қоса есептегенде, 5 мүшеден тұрады.

**Қоғам басқармасының құрамы (2011ж.31 желтоқсандағы жағдай):**

**Палымбетов Болат Әбілқасымұлы**  
**Басқарма төрағасы**

**Туған жылы:** 1961ж.  
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы  
**Басқарма құрамына сайланған күні:** 2011ж. 23 мамыр

**Білімі:** Экономикалық ғылымдар кандидаты  
1979–1984 — В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, инженер-жүйелер технигі.

**Жұмыс тәжірибесі:**

Мемлекеттік органдарда, қаржы институттарында және ұлттық компанияларда басшылық қызметтерде істеген мол жұмыс тәжірибесі бар. «Қазақстан Ұлттық банкі» ААҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Атырау облысы әкімінің орынбасары, ҚР экономика және сауда вице-министрі, «ҚазТрансОйл» ЖАҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, «Каспий» ӘКК ҰК АҚ Басқарма төрағасы болып істеді. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасы қызметіне сайланғанға дейін «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарушы директоры — Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Жарғыға сәйкес Жылжымайтын мүлік қорының қызметіне жалпы басшылық етеді және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер алдында жауапты болады.



*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



**Қошанова Жанаркүл Тоғызбайқызы**  
**Басқарма төрағасының орынбасары**

**Туған жылы:** 1975

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына сайланған күні:** 2009ж. 14 сәуір

**Білімі:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

**Жұмыс тәжірибесі:**

ҚР Әділет министрлігінде, ЭБЖМ «Экологиялық зерттеулер институты» АМК, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Маркетингтік-талдамалық зерттеулер» АҚ, «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басшылық қызметтер атқарды.

2009 жылдың наурызында «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Заңдық қамтамасыз ету және жалпы шаруашылық қызмет бөлігіндегі жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



**Нұрғалиев Нұрлан Аманжолұлы**  
**Басқарма төрағасының орынбасары**

**Туған жылы:** 1969

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына сайланған күні:** 2010ж. 19 мамыр

**Білімі:**

Армия генералы С.М. Штеменко атындағы Краснодар жоғары әскери училищесі, Алматы қаласындағы Орта-Азиялық университеті, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

**Жұмыс тәжірибесі:**

ҚР ІІМ жүйесінде, ҚР МКМ Кедендік комитетінің Бас кедендік күзет және режим басқармасының жүктерді кедендік алып жүру бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. Қарағанды облысы әкімдігінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ, «НТА групп» ЖШС, «ИПК ZHERSU» ЖШС-да басшылық қызметтер, «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС бас директорының орынбасары қызметін атқарды.

2010 жылдың мамырында «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Құрылыс объектілерін техникалық бақылау бойынша қызметті үйлестіреді.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



**Иманқұлов Мұрат Сейдалыұлы**  
**Басқарушы директор — Басқарма мүшесі**

**Туған жылы:** 1963

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына сайланған күні:** 2009ж. 01 қазан

**Білімі:**

Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Халық шаруашылығы академиясы.

**Жұмыс тәжірибесі:**

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің «Ақпараттық технологиялар паркі» АЭА, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «832 әскери зауыты» АМК, «Кумак» БК, Қазақстанның Шағын кәсіпорындары одағында басшылық қызметтерде істеді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

2009 жылдың қазанында «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарушы директоры — Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

Жылжымайтын мүлік қорының Алматы қаласындағы өкілдігі қызметіне басшылық етеді.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



**Кәрібжанов Марат Хайратұлы**  
**Басқарушы директор — Басқарма мүшесі**

**Туған жылы:** 1981

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Басқарма құрамына сайланған күні:** 2010ж. 10 сәуір

**Білімі:**

Қазақ мемлекеттік заң университеті, University College of London. Мемлекеттік басқару саласында Лондон университетінің магистрі атағы бар.

**Жұмыс тәжірибесі:**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде, «Scott Wilson» консалтингтік компаниясында (Лондон, Ұлыбритания), «Қазақстанның даму банкі» АҚ әртүрлі қызметтерде істеді. 2008 жылдан бастап «Қазақстанның даму банкі» АҚ Қазынашылық департаментінің директоры қызметін атқарды. 2010 жылдың сәуірінде «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарушы директоры — Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

Қаржылық саясат және бухгалтерлік есеп, корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру мәселелерін қадағалайды.

*Қоғамның, Қоғам жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.*



2011 жылы 61 Басқарма отырысы болды, онда 245 мәселе бойынша шешім қабылданды.

Қоғам Басқармасы жанында кеңескерлік-кеңестік органдар — Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті, Инвестициялық комитет, Тәуекелдерді басқару комитеті, Техникалық кеңес жұмыс істейді.

Қызметті жоспарлау және бағалау жөніндегі комитет қызметінің мақсаты — орташа мерзімді және ағымдағы жоспарлау жөніндегі құжаттардың уақытылы әрі сапалы әзірленуін қамтамасыз ету, бекітілген жоспарлардың орындалуын талдау.

Инвестициялық комитет Қоғамның инвестициялық саясатын жүзеге асыру мәселелерін қарайды.

Тәуекелдерді басқару комитеті тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін Басқармаға ұсыныстар дайындайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг жүргізеді және тәуекелдерді мейлінше азайту, бизнес процестер тиімділігінің деңгейін арттыру мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу жөнінде құрылымдық бөлімшелерге ұсыныстар әзірлейді.

Техникалық кеңес — қызмет мақсаты құрылыс және құрылыс материалдарымен және жабдықтармен қамтамасыз ету саласындағы техникалық мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ Қор қаржыландыратын құрылыс нысандарымен байланысты инжинирингілік және басқа да қызметтерді көрсететін ұйымдардың тізбесін бекіту болып табылатын кеңескерлік-кеңестік орган. Техникалық кеңестің құрамына Қоғамның, Жалғыз акционердің, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі агенттіктің, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің, «Нұр Отан» ХДП, «Атамекен» кәсіпкерлер одағының, Қазақстан құрылыс салушылар қауымдастығының өкілдері кіреді.

2011 жылы Қоғам Басқармасының мүшелеріне төленген сыйақының (еңбекақы) жалпы сомасы 64,1 млн теңге болды, Басқарма мүшелеріне жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы (бонус) төленген жоқ.

## Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі 2011 жылы 9 аудиторлық тексеру өткізді:

### Бұл тексерулердің басты міндеттері:

- ішкі бақылау жүйесінің, соның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептің шынайылығы мен толықтығын бағалау;
- Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауын бағалау;
- Қоғамның басқару органдары шешімдерінің (соның ішінде бұдан бұрын өткізілген аудиторлық тексерулер бойынша қабылданғандардың) орындалуын талдау.

Аудиторлық тексерулердің қорытындылары бойынша Қоғамның компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді мейлінше азайтуға, ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленді. Осы ұсыныстар негізінде түзету және алдын алу іс-шараларының жоспары әзірленіп, тиісті басқарушылық шешімдер қабылданды.

## Корпоративтік басқару құрылымы



## Ақпаратты ашу

Жылжымайтын мүлік қоры корпоративтік басқару қағидаттарын ұстана отырып, ақпараттық ашықтықты қамтамасыз етуге және өз қызметі туралы ақпаратты шынайы ашуға бағытталған саясатты жүргізеді.

Қоғам туралы ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Ақпаратты ашу туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

### Қоғам:

- 1) Жалғыз акционердің өз мүддесіне қатысты, сондай-ақ оның инвестициялық және басқарушылық шешімдер қабылдауы үшін маңызды болатын ақпаратты алу құқығын толық іске асыруын;
- 2) мүдделі тараптардың (мемлекеттік органдар, серіктестер, қалың жұртшылық және т.б.) Қоғам туралы ашылуға тиіс ақпаратқа уақтылы қол жеткізуін;
- 3) барлық мүдделі тараптармен таза әрі сенімді қатынастар орнатуын қамтамасыз етеді.

www.fnsk.kz корпоративтік веб-сайтында үздік халықаралық тәжірибеге және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам туралы жан-жақты ақпарат берілген және жүйелі түрде жаңартылып отырады.

Қоғамның сыртқы аудитін «үлкен төрттік» өкілі — Ernst & Young LLP тәуелсіз аудиторлық компаниясы жүргізеді.

2011 жылы Жылжымайтын мүлік қорының корпоративтік басқару жүйесіне бағалау жүргізілді. «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларында Корпоративтік басқаруды ізерлеу әдістемесіне сәйкес әзірлеуді KPMG компаниясы жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша рейтинг 49,1% болды.

2012 жылы Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарын әрі қарай жалғастырады.





ақпан	— «Сулы-нулы желек» тұрғын үй кешені (Астана қ.) пайдалануға берілді.
наурыз	— «Хан Тәңірі» тұрғын үй кешенінің (Алматы облысы) екінші кезегі пайдалануға берілді.
сәуір	— «Запад» тұрғын үй кешені (Астана қ.) пайдалануға берілді.
мамыр	— Қоғамның Басқарма төрағасы болып Б.Ә.Палымбетов тағайындалды.
маусым	<div>— Қоғамның Директорлар Кеңесінің төрағасы болып Қ.У.Бишімбаев тағайындалды.</div> <div>— «Астана жұлдызы» (Астана қ.) және «Городской романс» (Астана қ.) тұрғын үй кешендері, 1В және 1Г дақтары пайдалануға берілді</div> <div>— 2010 жылғы аудиттелген қаржылық есептілік бекітілді.</div>
шілде	— «Есіл» (Астана қ.), «Айя» (Астана қ.) тұрғын үй кешендері пайдалануға берілді.
қазан	— Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (Жалғыз акционердің 2011 жылғы 26 қазандағы №99-п бұйрығы)
қараша	<div>— 2010 жылы өткен жылдық есептер байқауында «Жылдық есептің үздік интерактивті нұсқасы» аталымында марапатталды («Қазақстан» ЖА Сарапшы)</div> <div>— Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5-еуден 7 адамға дейін ұлғайтылды.</div> <div>— «Әйгерім» тұрғын үй кешені (Астана қ.) пайдалануға берілді.</div>
желтоқсан	<div>— Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011ж.31.03 №329 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй құрылысының 2011–2014 жылдарға арналған бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Аталған өзгерістер Жылжымайтын мүлік қорының Астана және Шымкент қалаларында тұрғын үй объектілерін салу бойынша пилоттық жобаларды қаржыландыруын көздейді.</div> <div>— Жалғыз акционердің шешімімен Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.</div> <div>— «Сказочный мир», 1–2-дақтар (Астана қ.), «Caspian Palase» (Астана қ.) тұрғын үй кешендері, сондай-ақ «Изумрудный квартал» әкімшілік кешені (Астана қ.) пайдалануға берілді</div> <div>— Директорлар кеңесі 2011–2015 жылдарға арналған Даму жоспарына түзетулер енгізді</div>



## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### Қаржылық көрсеткіштер

Атауы	өлш.бірл.	2011	2010	2009
EBITDA	млн. теңге	6 026	2 883,4	480,5
EBITDA margin	%	70	65,8	51,6
ROA	%	3,5	0,57	0,04
Қызмет пайдалылығы (таза кірістің жалпы шығындарға қатысы)	%	78	10,7	1,6
Таза кіріс	млн. теңге	3 273,3	383,2	14,3

### Операциялық көрсеткіштер

Атауы	өлш.бірл.	2011	2010	2009
Жылжымайтын мүлік пулы <sup>3</sup>	мың.ш.м	532,5	561,9	594,2
– оның ішінде тұрғын жайлар	мың.ш.м	344,6	373,1	390,4
– оның ішінде коммерциялық жайлар	мың.ш.м	187,9	188,8	203,8
Үлескерлер	бірл.	2 813	2 794	2 710
Объектілердің жалпы аумағы	мың.ш.м	983,1	1025,7	1 052,5
Меншікке алынған жылжымайтын мүлік	мың.ш.м	107,2	46,9	–
Өткізілген жылжымайтын мүлік (меншікке алынған жылжымайтын мүліктен)	%	92,4	74	–
Құрылыс салушылардың сатып алуындағы қазақстандық үлес	%	68	61	71
Пайдалану қызметтері көрсетіліп жатқан үй-жайлардың аумағы	мың.ш.м	—*	56,9	–

\* «ЖМК Менеджмент» ЖШС еншілес компаниясының пайдалану қызметтерін көрсету бойынша қызметі бәселестік ортаға берілді

<sup>3</sup> Бұзылған шарттарды есептемегенде



## Активтер

Жылжымайтын мүлік қорының активтері 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір жылда 23,3%-ға өсіп 104,3 млрд. теңге болды. Оның ішінде ұзақ мерзімді активтер — 31,7 млрд. теңге, соның ішінде негізгі құралдар және материалдық емес активтер — 5,0 млрд.теңге, құрылыс компанияларына берілген алғытөлемдер — 3,5 млрд теңге, инвестициялық жылжымайтын мүлік — 1,6 млрд. теңге, ұзақ мерзімді қаржылық активтер — 21,6 млрд теңге. Қысқа мерзімді активтер 47,4 млрд. теңге, оның ішінде қаражат және оның баламалары — 33,0 млрд. теңге, ағымдағы өзге де қаржылық активтер — 12,7 млрд. теңге, өткізілетін жылжымайтын мүлік — 0,7 млрд теңге, сауда дебиторлық берешектері — 0,6 млрд.теңге, құрылыс компанияларына берілген алғытөлемдер — 0,2 млрд теңге ағымдағы өзге де активтер (тауар-материалдық қорлар, өзгелері) — 0,2 млрд. теңге. Сатуға арналған деп жіктелген активтер (шығарылатын «Зәулім» ЖШС еншілес компаниясының активтері) — 25,2 млрд. теңге.

## Міндеттемелер


Жылжымайтын мүлік қорының міндеттемелері 2011 жылдың 31 желтоқсанында 73,1 млрд. теңге болды. Оның ішінде ұзақ мерзімді міндеттемелер 15,9 млрд.теңге, оның ішінде бас компаниядан алынған қарыз — 15,3 млрд. теңге (әділ құны бойынша). Ағымдағы міндеттемелер 57,2 млрд. теңге, оның ішінде бас компаниядан алынған қарыз — 54,2 млрд.теңге (әділ құны бойынша).

## Капитал

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның меншікті капиталы 31,2 млрд теңгені құрайды. Жылжымайтын мүлік қорының жарғылық капиталын Жалғыз акционер 19,88 млрд. теңге мөлшерінде құрған. 2011 жылы Жалғыз акционер жарғылық капиталға әкімшілік ғимараттар мен жер түрінде 4,88 млрд теңге мөлшерінде жарна енгізді.

7,6 млрд. теңге мөлшеріндегі қосымша төленген капитал Жалғыз акционер бөлген қарыз есебінен құрылған. Қарыз әділ құны бойынша есепке алынады, ол қарыз берілген күнгі мемлекеттік облигациялардың мөлшерлемесі (5,59%—7,23%) бойынша дисконтталған қарыз бойынша қаражаттың келешектегі ағымының келтірілген құны ретінде есептеледі. Қарыз беру күніндегі қарыз сомасы мен оның әділ құнының арасында туындайтын айырма қосымша төленген капитал деп белгіленеді.

Бөлінбеген пайда 2011 жылдың 31 желтоқсанында 3,6 млрд.теңге болды.



## Қорландыру

Қоғамды құрылыстың аяқталмаған объектілерін аяқтау үшін қорландыруды Қоғам мен Жалғыз акционердің арасында кредиттік желіні ашу туралы 2009 жылғы 18 тамыздағы №10/ФН шартқа сәйкес Жалғыз акционер жүзеге асырады. Аталған шарттың талаптары бойынша 155 млрд. теңге мөлшеріндегі кредиттік желі Қорға транштармен беріледі. Кредит мерзімі 15 жылды құрайды, оның ішінде негізгі қарызды төлеудің жеңілдік мерзімі — 36 ай, одан кейін негізгі қарыз жылдық тең төлемдермен төленеді. Алғашқы жиырма төрт айда әрбір алынған транш бойынша пайыздық мөлшерлеме 0,02% жылдық, бұдан кейінгі жылдары — 2% жылдықты құрайды.

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры аталған кредиттік желі шеңберінде 87,1 млрд. теңге алды. 2011 жылы 14,6 млрд теңге сомасындағы 2009 жылы алынған транштар мерзімінен бұрын өтелді. Есепті күнге негізгі борыштың қалдығы — 72,5 млрд.теңге.

Қоғам мен Жалғыз акционер арасындағы 2010ж.26.11. шартқа сәйкес Жалғыз акционер «Каспий энергетикалық хабы» жобасын басқару тиімділігін арттыру мақсатына 900 млн. теңге мөлшерінде пайызсыз қарыз берді. Қарыз мерзімі — 2 жыл, қарызды өтеу — бір жолғы төлем арқылы.

## Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

— «Қарыз/EBITDA» көрсеткіші 2011 жылы 11,5 болды, 2010 жылмен (19,6) салыстырғанда жақсарды.

— «Пайыздарды өтеу» көрсеткіші 2011ж. — 37, 2010ж. — 79 болды.

## 2010 жылғы қорытынды бойынша акцияларға төленген дивидендтер

2010 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшері бір қарапайым акция үшін 3,8316 теңге болды. Дивидендтердің жалпы сомасы 57,47 млн теңге немесе Жылжымайтын мүлік қоры тобының шоғырландырылған таза табысының 15%-ы болды. Дивидендтерді төлеу 2011 жылдың 21 маусымында жүргізілді.

### Бір қарапайым акция үшін төленген дивиденд, теңге

	Дивиденд, теңге
2009 жыл қорытындылары бойынша	0,1425
2010 жыл қорытындылары бойынша	3,8316





## Мемлекетке жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруға жәрдемдесу

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыру шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры жалпы сомасы 76,1 млрд теңге 21 объекті құрылысын аяқтау бойынша міндеттемелер қабылдады. Олардың ішінде 18 объекті Астана қаласында (55,3 млрд. теңге), 2 объекті Алматы қаласында (4,7 млрд. теңге), 1 объекті Алматы облысында (16,1 млрд. теңге) орналасқан.

Аталған шарттар шеңберінде 2813 үлескердің мәселесі шешіледі, сатып алынған жылжымайтын мүлік пулы 532,5 мың ш.м, оның ішінде тұрғын жайлар — 344,6 мың ш. м (3816 пәтер, оның ішінде 1465 пәтер бойынша құрылыс салушыларға еркін өткізу құқығы берілді), 187,9 мың ш.м — коммерциялық (тұрғын емес) алаңдар, 1135 көлік орны.


2011 жылы «Грация» (2- және 4-кезек) және «АСИ-33/23» тұрғын үй кешендерін қаржыландыру бойынша «АТФ Банк» АҚ-мен жасалған жалпы сомасы 2,68 млрд теңге нысаналы депозит шарты банктің аталған тұрғын үй кешендерін қаржыландыруды тоқтатуы туралы хабарлама алуға байланысты бұзылды.

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры аталған 21 объектіні 72,6 млрд теңгеге инвестициялады.


Есепті күнге 14 объекті және бір объектінің 2-кезегі пайдалануға берілді, соның ішінде 2011 жылы 10 объекті және бір объектінің 1-кезегі пайдалануға берілді.<sup>3</sup> Осылайша, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қорының қатысуымен 1581 үлескердің мәселесі шешілді.

Жылжымайтын мүлік қоры 107,2 мың ш.м. үй-жай, соның ішінде 96,1 мың ш.м. — тұрғынжай, 11,1 мың ш.м. — коммерциялық жай меншікке қабылданды. Бір жыл ішінде бұл көрсеткіш 2,3 есе өсті. 2011 жылы «Астана жұлдызы», «Запад», «Сулы-нулы желек», «Городской романс», «Әйгерім» тұрғын үй кешендеріндегі жайлар меншікке қабылданды.

Меншікке қабылданған жылжымайтын мүлік (мың ш.м.)



Меншікке қабылданған көлік орны (дана)



## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

<sup>4</sup> «Бес тұлға» ТК объектісі бойынша Жылжымайтын мүлік қоры қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерін орындады, объектідегі қатысу үлесі 2011 жылдың қыркүйек айында толық өткізілді.



## 2011 жылы пайдалануға берілген объектілер



### 1. «Сулы-нулы желек» ӘТК, 2-, 3-дақтар

Пайдалануға берілуі — 2011ж. ақпан  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ бойынша II)  
Астана қ., Д.Қонаев к-сі



### 2. «Хан Тәңірі» ТК, 2-кезегі

Пайдалануға берілуі: 2011 жылғы наурыз  
Тұрғын үй класы — бизнес (ҚР ҚНЖЕ бойынша II)  
Алматы облысы, Қарасай ауданы



### 3. «Запад» ТК

Пайдалануға берілуі — 2011ж. сәуір  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ бойынша III)  
Астана қ., Жангелдин көшесі мен  
Сарыарқа даңғылының қиылысы



### 4. «Астана Жұлдызы» ТК

Пайдалануға берілуі — 2011ж. маусым  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ бойынша III)  
Астана қ., Министрліктер үйі ауданы



### 5. «Городской романс»

#### «Французский квартал» ТК, 1В, 1Г дақтар

Пайдалануға берілуі — 2011ж. маусым  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ бойынша III)  
Астана қ., №19 көшеден оңтүстікке қарай



### 6. «Есіл» ТК

Пайдалануға берілуі — 2011ж. маусым  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ бойынша III)  
Астана қ., №36 көше, №19 көшеден оңтүстікке қарай



### 7. «Айя» ТК

Пайдалануға берілуі — 2011ж. шілде  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ бойынша III)  
Астана қ., Интернациональная, Ғабдуллин, Ақмола,  
Иманбаева көшелерінің қиылысы



### 9. «Caspian Palace» ТК

Пайдалануға берілуі — 2011ж. желтоқсан  
Тұрғын үй класы — бизнес (ҚР ҚНЖЕ бойынша II)  
Астана қ., №19 көшеден оңтүстікке қарай



### 11. «Изумрудный квартал» ӘК, Б блок

Пайдалануға берілуі — 2011ж. желтоқсан  
«А» класты бизнес орталығы  
Астана қ., сол жағалау



### 8. «Әйгерім» ТК

Пайдалануға берілуі — 2011ж. қараша  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ бойынша III)  
Астана қ., 3 ш/а, 30/1-үй



### 10. «Сказочный мир» ТК, 1-,2-дақтар.

Пайдалануға берілуі — 2011ж. желтоқсан  
Тұрғын үй класы — эконом (ҚР ҚНЖЕ сәйкес III)  
Астана қ., Президент саябағы және 12 магистраль ауданы


Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлеміне, мерзіміне және сапасына мониторинг жүргізу

Жылжымайтын мүлік қоры құрылыс қаражатының, көлемінің, сапасының мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізеді.

Құрылыс салушылардың қаражатты мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізу және құрылыстың көлемін, сапасын және мерзімдерін бақылау төмендегідей жолдармен жүзеге асырылады:

- Құрылыс салушылар ұсынған орындалған жұмыс актілерінің, төлемдер тізілімін, шарттардың, төлем шоттарының есебін жүргізу;
- материалдар мен қызметтердің мақсатты төлемін бақылау;
- құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін және сапасын бақылау;
- жұмыстардың, құрылыс материалдарының сапасы мен көлемінің құнын бақылау;
- қаржыландыру мен жұмыстың орындалуының біріккен жоспарын орындауына мониторинг жүргізу.

Мониторинг негізінде Құрылыс салушыға құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу кестесіне сәйкес арнаулы шот арқылы транштық қаржыландыру жатыр. Құрылыс салушының арнаулы шотынан қаражатты шығындау Жылжымайтын мүлік қорының келісімі бойынша жүргізіледі. Құрылыс объектілерінде жұмыстың нақты орындалуын Жылжымайтын мүлік қорының супервайзерлері тексереді және бақылайды.



Тұрғын үй сапасын жақсарту

Жылжымайтын мүлік қоры «Тұрғын үй ғимараттары» ҚР ҚНЖЕ 3.02—43-2007 белгіленген тұрғын үй-жайларға қосымша талаптар дайындады.


Жылжымайтын мүлік қорының сатып алынатын үй-жайларға қоятын талаптары қауіпсіздік, қолайлылық, үнемділік, пайдалану жүйелерін қолдану арқылы тұрғын үй сапасын арттыруға жәрдемдеседі.

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алынатын үй-жайларға қоятын талаптары

Қолайлылық	Қауіпсіздік	Үнемділік
<div><div>— Тұрғын үй класына сәйкес пәтерлерді әрлеу және интерьері;</div><div>— Сертификатталған сервистік қызметі бар дыбыссыз лифтілер;</div><div>— Деректерді қашықтықтан жіберетін коммуналдық қызметтердің тұтынуын есептеу құралдары;</div><div>— Асүй жайлары ас әзірлейтін плиталармен жабдықталуы</div></div>	<div><div>— Қорғалатын үй төңірегі;</div><div>— Ғимаратқа кіреберістегі бейнебайқау;</div><div>— Қалыңдығы 2 мм кем емес суық жібермейтін темір есік;</div><div>— Домофон;</div><div>— Өрт және күзет дабылнамасы;</div><div>— Күзет орны.</div></div>	<div><div>— Терезе жақтауларын шынылау (қауіпсіз, жылу сақтайтын шыны);</div><div>— Интернетке қосылу коммуникациялары, ғимаратты бір жерден басқару.</div></div>

Түзету коэффициентін есептеу әдістемесі әрбір құрылыс салушының K3<sup>5</sup> коэффициентін есептеу үшін пайдаланылатын технологиялардың кемінде 4 позициясын қолдануға міндетті екенін қарастырады:

- суды тазарту жүйесі,
- жылы едендер,
- инженерлік жүйелерді бақылау,
- жасанды жерсіндіру,
- оптикалық талшықты байланыс кабелі,
- сымсыз байланыс,
- жарықты басқару жүйесі;



Жылжымайтын мүлік қоры қаржыландыратын құрылыс салушылардың сатып алуындағы қазақстандық үлесті арттыру

Қазақстандық үлесті арттыруға жәрдемдесу мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- құрылыс объектілерін қаржыландыру бойынша жасалған шарттар шеңберінде материалдар мен қызметтердегі қазақстандық үлесті бақылау;
- отандық ірі тауар өндірушілермен құрылыс өнімдерінің келісілген жоғары бағасы шартында ниеттер және ынтымақтастық меморандумдарын жасасу;
- отандық тауар өндірушілер мен құрылыс салушылардың арасында құрылыс өнімдерін жеткізуге тікелей шарттар жасасу.

Жылжымайтын мүлік қоры құрылғаннан бері құрылыс материалдары мен жабдықтарын өндіретін ірі тауар өндірушілермен бағаның жоғарғы шегін белгілеу шартында ниеттер мен ынтымақтастық туралы 27 меморандумға қол қойылды. Осы меморандумдар шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры қаржыландыратын құрылыс салушылармен материалдар мен жабдықтар жеткізуге 121 шарт жасалды.

Нәтижесінде Жылжымайтын мүлік қоры қаржыландыратын құрылыс салушылардың сатып алуындағы қазақстандық үлестің жалпы көлемі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 68% болды.

<sup>5</sup> K3 - Жылжымайтын мүлік құрылысында инновациялық технологиялар қолданылған кезде Қоғамның жылжымайтын мүлікті сатып алу бағасының арту коэффициенті.



## Жылжымайтын мүлікті өткізу

Жылжымайтын мүлік қоры сатып алынған үй-жайларды өткізуді «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) жайларды өткізу ережесіне» (бұдан әрі — Өткізу ережесі) сәйкес жүргізеді.

### Аталған Ереже мынадай негізгі қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етеді:


- өтінушінің төлемқабілеттілігіне қойылатын талаптарды белгілеу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының қайтарымдылығы;
- алыпсатарлықты болдырмау:
  - жеке және заңды тұлғалардың Жылжымайтын мүлік қорының бағдарламасы арқылы бір реттен көп емес тұрғын жайларын сатып алуға өз құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігі
  - шарт жасалған сәттен бастап 3 жыл ішінде үй-жайларды мерзімінен бұрын сатып алуға немесе қайта сатуға мораторий
- кепілдік төлем құралы арқылы жалдау төлемдерінің және Жылжымайтын мүлік қорының үй-жайларының бүтіндігін сақтау кепілдігі.

### 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншікке қабылданған жылжымайтын мүліктің 99 мың ш.м. немесе 92,4% өткізілді, оның ішінде:

- сатып алу құқығымен жалдау әдісімен — 77 мың ш.м тұрғын жай және 3,3 мың ш.м. коммерциялық жайлар;
- жалдау әдісімен — 1,9 мың ш.м коммерциялық аудан;
- 16,2 мың ш.м. тұрғын және 0,6 мың ш.м. коммерциялық жайлар сатылды.

Есепті күнгі жағдай бойынша 361 көлік-орынды (меншікке қабылданғанның 47%-ы) өткізу шарты жасалды.

Бұдан басқа, жылжымайтын мүлік пулының бір бөлігі аяқталмаған құрылысқа қатысу үлесі түрінде (меншікке қабылданғанға дейін) өткізілді. Аталған әдіспен 103,8 мың ш.м. үй-жай мен 30 көлік-орын өткізілді.



Жылжымайтын мүлікті өткізуден түскен табыс 2011 жылы 5,2 млрд.теңге, оның ішінде жылжымайтын мүлікті сатудан және құрылысқа қатысу үлесінен түскен табыс — 4,5 млрд.теңге, қаржылық және операциялық жалдаудан түскен табыс — 0,7 млрд.теңге болды.

## Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2011—2014 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде пилоттық жобаларды іске асыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №329 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Тұрғын үй құрылысының 2011—2014 жылдарға арналған бағдарламасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011ж.13.12 №1524 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, аталған өзгерістер Астана және Шымкент қалаларында тұрғын үй объектілерін салу бойынша пилоттық жобаларды Жылжымайтын мүлік қорының қаржыландыруын көздейді. Пилоттық жобаларға салынатын инвестициялардың жалпы сомасы 17,1 млрд теңге. Пилоттық жобаларды іске асыру қосымша 146 мың ш.м. тұрғын үйді пайдалануға беруге мүмкіндік береді.

Пилоттық жобаларды іске асыру кезінде инвестицияларға мультипликативтік әсерге қол жеткізу мақсатында Жылжымайтын мүлік қоры жеке капиталмен серіктестік қағидатын басшылыққа алады.

Жылжымайтын мүлік қорының қатысуы құрылыс тәуекелін төмендетеді және құрылыс компанияларының қарыз қаражатқа қолжетімділігін жеңілдетеді, үлескерлердің (халықтың) қаражатын тарту үшін мүмкіндік туғызады. Бұл тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар салуға ынталандыруға, тұрғын үйді пайдалануға берудің жалпы көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

### Пилоттық жобалар құрылысын жүргізетін жылжымайтын мүлік қорының серіктестеріне қойылатын міндетті талаптар:

- 1) бас мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік лицензиясы және басқа да рұқсат құжаттары болуы, өндірістік базасы, кемінде 4 жыл құрылыс тәжірибесі болуы;
- 2) құрылыс салушының ғимараттар (Астана қаласында кемінде 50 мың ш.м. немесе басқа өңірлерде кемінде 15 мың ш.м.) тұрғызу тәжірибесі болуы;
- 3) серіктес ұсынған жоба мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:
  - тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, ауыртпалықтан бос жер учаскесінің болуы;
  - мемлекеттік сараптамасы бар жобалық-сметалық құжаттамасының болуы;
  - құрылыс салушының жобадағы қатысу үлесі қаражат түрінде жер учаскесін кадастрлық құны бойынша сатып алуға және жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге жұмсаған шығындарын қоса алғанда, жоба құнының 20 пайызынан кем болмауы тиіс. Жобаларды іріктеу кезінде қаржыландырудағы қатысу үлесі көп құрылыс салушыға басымдық беріледі.
  - бір пәтердің жалпы ауданы 120 шаршы метрден аспауы тиіс.

Тұрғын үйдің (пәтердің) жалпы ауданының 1 шаршы метрін салудың базалық құны 2011 жылғы бағамен Астана қаласында 150 000 теңгеден, Шымкент қаласында — 120 000 теңгеден аспайды.

Тұрғын үй жайлары сату, жалдау және сатып алу құқығымен жалдау тетіктері арқылы өткізіледі.

## Іске асырылуына қызығушылық бар мәмілелер туралы ақпарат

### 2011 жылы Қоғам мүдделі тараптармен мынадай мәмілелер жасады:

- «Қазпочта» АҚ-мен поштаны қабылдау және жөнелту қызметтерін сатып алу туралы 2011ж.05.01 №21-11120/3/1 шарты, мерзімдік басылымдарға жазылу туралы 2011ж.05.01 №5 шарт;
- «Қазақтелеком» АҚ-мен байланыс қызметтерін көрсету туралы 2011ж.15.01 №314996/10418, 2011ж.07.12 №3836 шарттар;
- «Самұрық-Қазына» Келісімшарт» ЖШС-мен техникалық қолдау және қазақстандық қамту картасына мониторинг жүргізу туралы 2011ж.28.01 №96-КМ/11 шарт;
- Қазатомпром» ҰАК АҚ-мен «Сулы-нулы желек» ТК-дегі талап ету құқығын беру туралы 2011ж.01.04 №55, «Городской романс» ТК-дегі талап ету құқығын беру туралы 2011ж.22.07 №86, «Есіл» ТК-дегі талап ету құқығын беру туралы 2011ж.22.07 №86/1, «Caspian palace» ТК-дегі үлесті сатып алу — сату туралы 2011ж.10.10 №1/1 шарттар;
- «ҚМГ БӨ» АҚ-мен «Солтүстік шұғыласы» ТК-дегі тұрғын жайларды сатып алу — сату туралы 2011ж.21.07 №6 шарт;
- «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС-мен «Запад» ТК бойынша 2011ж.14.10, «Городской романс» ТК бойынша 2011ж.19.10, «Астана-Жұлдызы» ТК бойынша 2011ж.28.10 сенімді басқару шарттары, 2011ж.01.07 №61/79/2 жалдау шарты;
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-мен кеңсе жайларын жалдау қызметтерін сатып алу туралы 2010ж.31.12 №36/11/53-11 шартқа 2011ж.01.11. №1 қосымша келісім, кеңсе жайларын жалдау қызметтерін сатып алу туралы 2011ж.30.12 №07/12 шарт;
- «Semser Security» ЖШС-мен «Городской романс» ТК-ден тұрғын жайларды сатып алу — сату туралы 2011ж.07.12. №7 шарт;
- «ҚазмұнайгазСервис» ЖШС-мен «Зәулім» ЖШС жарғылық капиталындағы үлесті сатып алу — сату туралы 2011ж.14.12. №161/544/05 шарт;
- «ҚазТрансГаз» АҚ-мен тұрғын жайларды сатып алу — сату туралы 2011ж. 15.12. №8 шарт;
- «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС-мен өртке қарсы қызметтерді сатып алу туралы 2011ж.21.12. №164 шарт, өртке қарсы қызметтерді сатып алу туралы 2011ж.30.12. №205 шарт;
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-мен кеңсе жайларын жалдау туралы 2011ж.11.01. №133 шартқа 2011ж.22.12. №1 қосымша келісім, кеңсе жайларын жалдау қызметтерін сатып алу туралы 2011ж.29.12. №196 шарт.

Жылжымайтын мүлік қоры тәуекелдерді басқару мәселелерінің аса маңыздылығын мойындайды. Қоғамда тәуекелдерді басқару тұрақты әрі үздіксіз процесс және Қоғамның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді мейлінше азайту бойынша уақтылы сәйкестендіру мен шара қабылдауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Жылжымайтын мүлік қорында тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше жұмыс істейді.

Сондай-ақ Қоғам Басқармасы жанында кеңескерлік-кеңестік орган болып табылатын Тәуекелдер басқару комитеті жұмыс істейді.

**Тәуекелдер мен олардың әсерін төмендету бойынша әдістер мынадай санаттарға жіктеледі:**

**Стратегиялық тәуекел** — Қордың қызметі мен даму стратегиясын айқындау мен іске асыру кезіндегі өзгерістер немесе қателер (кемшіліктер) салдарынан, саяси ортаның, өңірлік конъюктураның өзгеруі, салалық бәсеңдеу және жүйелі сипаттағы басқа да сыртқы факторлардың салдарынан залалдар туындау тәуекелі.

Қордың стратегиялық тәуекелін азайту мен бақылау бекітілген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар мен стратегиялардың орындалуына мониторинг жүргізу арқылы жасалады, оның нәтижелері бойынша түзету, соның ішінде ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді көрсету үшін шаралар қабылданады.

**Қаржылық тәуекел** — Қор капиталының құрылымымен, пайдалылықтың төмендеуімен, өтімділіктің жоғалуымен, валюта курсының ауытқуларымен, кредиттік тәуекелдермен, пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларымен ж.т.б. байланысты тәуекелдерді қамтиды.

Қордың қаржылық тәуекелдерін азайту мен бақылау әдістері Корпоративтік контрагенттер бойынша лимиттер белгілеу мен мониторинг жүргізу ережесіне, Банк-контрагенттерге тікелей және шартты міндеттемелер бойынша лимиттер белгілеу ережесіне ж.т.б. сәйкес қабылданатын тәуекелдер деңгейіне лимит белгілеуді қамтиды.

**Құқықтық тәуекел** — Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Қазақстан Республикасы бейрезиденттерімен қатынаста — басқа мемлекеттердің заңнамасын, сондай-ақ ішкі ережелер мен рәсімдерді орындамауы салдарынан жоғалтымдар туындау тәуекелі.

Мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, Қордың қызметіне өзгерістердің әсерін бағалайтын және оларды қабылдау үшін қажет шараларды әзірлейтін Қордың уәкілетті заң қызметінің заңнамаға енгізілген өзгерістерге мониторинг жүргізуі Қордың құқықтық тәуекелін азайту мен бақылау әдісі болып табылады. Қордың ішкі рәсімдерін реттейтін немесе Қорда міндеттемелер туындататын кез келген құжат Қордың уәкілетті заң қызметінде міндетті сараптамадан өтуі тиіс.

**Операциялық тәуекел** — ішкі процестерді жүргізу барысында қызметкерлер тарапынан жіберілген кемшіліктер немесе қателіктер (қызметшілер тәуекелін қоса алғанда), ақпараттық жүйелер пен технологиялардың жұмысы (технологиялық тәуекелдер) нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан залалдар туындау тәуекелі.

Қорда операциялық тәуекелдерді азайту мен бақылау Тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалау ережесіне және Операциялық тәуекелдерді басқару ережесіне сәйкес белгіленген бизнес-процестерді талдау және оларды жетілдіру бойынша тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу арқылы жүргізіледі.

Операциялық тәуекелдер туралы есептер Тәуекелдерді басқару комитетінде, сондай-ақ оларды мейлінше азайту жөнінде шешім қабылдау үшін Басқармада және Директорлар кеңесінде қаралады.

**Инвестициялық жобалар тәуекелі** — салынған инвестициялардан жоспарланбаған нәтиже алынбаудың ықтимал қатерін білдіреді.

Тәуекелдің аталған түрін басқару мүмкіндігінің негізінде қабылдарлық тәуекел тұжырымдамасы жатыр, бұл күтілетін пайда мен жоғалтымдар қатері арасындағы белгіленген теңгерімге сәйкес келеді, ол жобалар тәуекелін бағалау мен жобалық тәуекелдерді басқаруды қамтитын рәсімдер кешенін көздейді.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ





Қоғамның Кадрлар саясатының басты қағидаты қызметкерлерді Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуде сапасының жоғары дәрежелі мәні бар басты стратегиялық ресурс деп тану болып табылады.

Қоғамдағы адам ресурстарын басқару мен дамыту Жалғыз акционердің Кадрлар стратегиясының, сондай-ақ Жылжымайтын мүлік қорының кадрлар саясатының басты бағыттарының негізінде жүргізіледі.

**Кадрлар саясатының стратегиялық бағыттары:**

- адам ресурстарын басқарудың бірыңғай моделі;
- еңбек тиімділігін арттыру;
- адам ресурстарының сапасын арттыру;
- бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту.

Қызметшілерді іріктеу жүйесі шеңберінде үміткерлерді конкурстық іріктеу үшін жағдайлар жасалған. 2011 жылы бос орындарға орналастыру үшін өткізілген конкурстардың қорытындылары бойынша 19 адам жұмысқа қабылданды.

Әлеуеті жоғары қызметкерлерді анықтау, қызметкерлердің мансаптық өсуге жігерін арттыру және кәсіби дағдылар мен басқарушылық құзыреттерін дамыту мақсатында үшін Жылжымайтын мүлік қоры кадрлар резервін құрады. 2011 жылы Жылжымайтын мүлік қорының 14 қызметкері кадрлар резервіне енгізілді, олардың екеуі есепті кезең ішінде жоғары тұрған қызметке ауыстырылды.

Қоғамда Қоғам қызметкерлерінің қызмет тиімділігін бағалау жүйесі жұмыс істейді. Жыл сайын әкімшілік қызметкерлердің мақсаттар картасы мен жеке даму жоспарлары бекітіледі, мақсаттардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу және оларды түзету жүйесі енгізілген.

2011 жылы 52 қызметкер тиісті оқудан өтіп, біліктілігін арттырды. Қызметшілерді оқытуға арналған шығыстар 2011 жылы 6 922 мың теңге болды.

### Қызметшілер

**2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры тобы қызметшілерінің нақты саны 96 адам болды (“Зәулім” ЖШС-ны есепке алмағанда), оның ішінде:**

- 1 техникалық ғылымдар кандидаты;
- 2 экономикалық ғылымдар кандидаты;
- 16 қызметкердің «магистр» дәрежесі бар.





Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметінде мүдделі тараптар: қоғам, мемлекет, акционер, серіктес және қызметшілер алдында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін сезінеді әрі орындайды. Қысқа мерзімді келешекте Жылжымайтын мүлік қорының Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатын бекіту жоспарланып отыр.

Жылжымайтын мүлік нарығында дағдарысқа қарсы бағдарлама операторы ретіндегі Жылжымайтын мүлік қорының қызметі объектілерді аяқтау мен үлескерлер мәселелерін шешудегі әлеуметтік міндетті шешуге бағытталған.

Тұрғын үйге қолжетімділікті арттырудағы стратегиялық мақсатты іске асыру үшін Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын ғимараттарды пайдалану кезінде энергетикалық ресурстарды тиімді әрі үнемді шығындауды қамтамасыз ететін; адамдардың денсаулығын және қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін; сондай-ақ ғимараттардың бөлшектері мен инженерлік жабдықтарды пайдалану кезінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін инновациялық жобалық шешімдерге аса назар аударуды жоспарлайды. Бұл үшін Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үй объектілеріне қызмет көрсетуде ҚР ҚНМЕ талаптарына және жобаларды іріктеуде қолданылатын әлемдік тәжірибеге сәйкес жайлылықты, қауіпсіздікті, үнемділікті жақсарту бойынша ұсынылатын технологиялардың тізбесін бекітіп, жыл сайын жаңартып отырады.

### Қоршаған ортаның әсерін басқару

#### Энергия үнемдеуіш материалдарды қолдану

Жобаларды талдауда Жылжымайтын мүлік қоры қаржыландырылатын объектілерде энергия үнемдеуіш құрылыс материалдарын қолдану, энергия сыйымды процестер мен материалдарды тиімділеріне ауыстыру мүмкіндігін міндетті түрде қарастырады. Осылайша, Жылжымайтын мүлік қорынан қаржыландырылатын құрылыс объектілерінің көбінде энергия үнемдеуіш шыны қолданылады. Сондай-ақ Құрылыс салушылар Қордың сатып алу бағасын анықтауда пайдаланылатын КЗ коэффициентін арттыру мақсатында ғимараттың энергоресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін мынадай технологияларды қолдануға ынталы:

- жарықты басқару жүйесі;
- жасанды жерсіндіру жүйесі;
- суды тазарту жүйесі;
- инженерлік жүйелерді бақылау жүйесі.

### Қайырымдылық қызметі

Демеушілік және қайырымдылық қызметіне Қоғам бюджетінде қаражат қарастырылмаған. Қайырымдылық акцияларын Қоғам қызметкерлері өз еріктерімен жүзеге асырып отырады.

2011 жылы Қоғам қызметкерлері Жеңіс күнін тойлау қарсаңында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне көмек көрсетті. «Балаларға білім сыйла» акциясы шеңберінде 12–15 жастағы 5 баланың білім алудағы, пайдалы дағды-машықтарға үйренудегі мақсаттары жүзеге асты.



## 2012 жылы Жылжымайтын мүлік қоры 5 объектінің құрылысын аяқтап, пайдалануға бермек.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №329 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Тұрғын үй құрылысының 2011–2014 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде Шымкент және Астана қалаларында 2 пилоттық жобаны іске асыруға кірісу жоспарланған.

Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруға бағытталған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Тұрғын үй құрылысының 2020 жылдарға арналған бағдарламасына бастамашылық жасалып, іске асыру басталады.

Жылжымайтын мүлік қорының жаңа стратегиялық мақсаттары мен қызмет бағыттары Жылжымайтын мүлік қорының 2012–2022 жылдарға арналған даму стратегиясында бекітіледі, 2011–2015 жылдарға арналған даму жоспарына түзетулер енгізу қажет болады.


Жылжымайтын мүлік қоры өзі қаржыландыратын объектілер құрылысындағы қазақстандық үлесті арттыруға жәрдемдесетін болады. Қазақстандық үлестің жоспарланған көрсеткіші – 70%.

Активтерді басқару шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры өткізілген жылжымайтын мүлік пулының үлесін арттыруға, жылжымайтын мүлікті ұстаумен байланысты шығыстарды оңтайландыруға бағытталады.

Корпоративтік басқару, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары жүзеге асырылады.

## 1. Тұрғын үй құрылысы секторының негізгі көрсеткіштері

### 1.1. Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар.



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі

Жалпы республика бойынша 2011 жылдың басынан бастап **тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар** 417,1 млрд.теңге болды, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 24,3% артық. 2011 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өңірлік деңгейде – Алматы және Астана қалаларына сәйкесінше 80,9 млрд.теңге және 74,7 млрд.теңге бөлінді.

**1.2. 2011 жылы тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялардың қаржыландыру көздері.** Үлестері 2004 жылғы 71%-дан 2011 жылы 51%-ға дейін азайғанына қарамастан, құрылыс салушылар мен тұрғындардың меншікті қаражаты Қазақстан бойынша тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялардың негізгі көзі болып қалуда. Сонымен бірге Алматы қаласы бойынша басым бөлікті қарыз қаражат құрайды, оның үлесі 2006–2007 жылдары – 78%, 2011 жылы – 40%. Астана қаласында 2007 жылға дейін тұрғын үй құрылысы негізінен жеке қаражат есебінен (70–90%) жүзеге асырылды, 2008–2011 жылдары оның үлесі 13%-ға дейін айтарлықтай азайды.

Нәтижесінде инвестициялар құрылымындағы қарыз қаражаттың үлесі артты – 2004 жылғы 0%-дан 2011 жылы 50%-ға дейін және мемлекеттік бюджеттің үлесі – 2004 жылғы 13%-дан 2011 жылы 37%-ға дейін. Барлық өңірлер бойынша мемлекеттік бюджет қаражатының үлестік салмағы өсуде (2004 жылғы 15%-дан 2011 жылы 26%-ға дейін).



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ СЕКТОРЫН ТАЛДАУ



## 1.3. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі және тұрғын үй ғимараттарын пайдалануға беру



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі

Қазақстан бойынша 2011 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары ішінде **орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі** өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,7% өсіп, 2 082,9 млрд. теңге болды. Өңірлік деңгейде ең жоғары өсімді Қызылорда (+43,5%) және Жамбыл (+20,3%) облыстары көрсетті, ал ең көп төмендеу Батыс Қазақстан (-32%) және Ақтөбе (-23,8%) облыстарында тіркелді.


Сонымен бірге Қазақстан бойынша құрылыс жұмыстары көлеміндегі үлесі бойынша Атырау облысы (17,6%), Астана (13,7%), Алматы (10%) қалалары көшбасшы орында келеді.

2011ж. қаңтар-желтоқсан айлары ішінде **тұрғын алаңдарды пайдалануға беру көлемі** 2010 жылмен салыстырғанда 1,9% артып, 6 532,9 мың ш.м болды. Жалпы республика бойынша 55 511 пәтер пайдалануға берілді.

Өңірлік деңгейде ең көп төмендеу Алматы қаласында (26,6%) және Павлодар облысында (8,8%) байқалды. Сонымен бірге өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Ақмола (+101,3%) және Батыс Қазақстан (+14%) облыстарында пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі артты.

**1.4. 2011 жылы құрылыс секторындағы бағалар индексі** 105,4% болды. Құрылыс-монтаж жұмыстарының бағасы 5,6%, машиналар мен жабдықтарға – 6,6%, өзге жұмыстар мен шығындарға – 4,3% артты.

2011 жылы құрылыс секторындағы бағалар индексінің ең көп өсуі Ақмола (+7,9%) және Оңтүстік Қазақстан (+7,5%) облыстарында байқалды.



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі

## 1.5. Тұрғын үйді (бастапқы және екінші нарықтағы) сату және тұрғын үйді жалдау бағаларының динамикасы, тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны




Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі

2011 жылы жалпы Қазақстан бойынша тұрғын үй нарығындағы бағалар шамалы артты. Осылайша, 2011 жылы (2011ж. желтоқсан, 2010 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда,) жаңа тұрғын үйді сату бағалары 6,7%, жайлы тұрғын үйді қайта сату – 8,7% артты.



2011 жылдың желтоқсан айында жалпы республика бойынша жаңа тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің орташа бағасы 153,5 мың теңге болды, яғни 2011 жылдың өткен айымен салыстырғанда 1,2% өсті, жайлы тұрғын үйді қайта сату сәйкесінше 1,5% өсіп, 115,2 мың теңге болды.

Сонымен бірге 2011 жылы жаңа тұрғын үйдің бағалары Петропавл қаласында (73,4%), Атырау қаласында (+32,6%), Көкшетау қаласында (+25%), Семей қаласында (+22,2%) өскені байқалды. Астана қаласында жаңа тұрғын үйдің бағалары өткен жылдың сәйкес айымен салыстырғанда 2% өсті, Алматыда – 0,7% өсті.



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі


Тұрғын үйді жалдау бағалары.



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі


2011 жылғы желтоқсанда республика бойынша жайлы **тұрғын үйді жалдаудың орташа бағасы** 1 ш.м. үшін 883 теңге болды, бұл 2010 жылдың сәйкес айымен салыстырғанда 5,5% артық. Жалдаудың ең жоғары бағасы Алматы қаласында (1 ш.м. үшін 1 909 мың теңге), Астана қаласында (1 ш.м. үшін 1 865 мың теңге), Атырау қаласында (1 ш.м. үшін 1 313 теңге) және Петропавл қаласында (1 ш.м. үшін 901 теңге) тіркелді, республиканың басқа ірі қалаларында бұл көрсеткіш ҚР бойынша орташа мәннен төмен. Өткен жылдың ұқсас айымен салыстырғанда тұрғын үйді жалдау бағаларының ең көп өсуі Қостанай қаласында (21,4%) және Тараз қаласында (16,6%) байқалды.

2011 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында **тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны** 158 853 болды, бұл 2010 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,2% артық. 2011 жылдың желтоқсан айында тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің тіркелген саны — 14 064, бұл өткен аймен салыстырғанда — кезең соңындағы маусымдық төмендеуге байланысты 5,7% кем, ал өткен жылдың сәйкес айымен салыстырғанда 19,5% артық.



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі

2. Тұрғын үй құрылысы секторына әсер ететін негізгі көрсеткіштер



Дереккөз: ҚР Статистика агенттігі


**2.1.** 2012 жылғы 1 қаңтарда **Қазақстан Республикасы халқының саны** 16 674,9 мың адам, Астана қаласында — 743 мың адам және Алматы қаласында — 1 450 мың адам болды. Республика бойынша жалпы өсім 2011 жылдың басынан есептегенде 233 мың адамды, Астана қаласында — 45,89 мың адамды және Алматы қаласында — 36,1 мың адамды құрады.

**2.2.** 2011жылдың 4-тоқсанында **халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысы** 2010 жылдың 4-тоқсанымен салыстырғанда, 19,1% артып, 50 377 теңге болды, бұл кезеңде тауарлар мен қызметтердің тұтыну бағасы 7,7% артқан. Халықтың нақты ақшалай табысы 2010 жылдың сәйкесінше тоқсанымен салыстырғанда 10,6% өсті.

2011ж. 4-тоқсанда жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыс мөлшері бойынша бұрынғыдай Атырау облысы, Алматы және Астана қалалары алдыңғы орында келеді, мұнда аталған көрсеткіш орташа республикалық деңгейден 2,2 — 1,7 есе жоғары. Оңтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл және Алматы облыстары табысы ең аз өңірлер қатарында қалып отыр, онда халықтың табыс мөлшері орташа республикалық деңгейден сәйкесінше 62,9%, 67,9% және 82,1% құрайды. 2011 жылдың 4-тоқсанында өңірлер бойынша ең көп және ең аз номиналды ақшалай табыстың арақатынасы 3,6 есе болды.

**2.3.** 2011 жылдың аяғында **ЕДБ несиелік қоржынында** құрылыс шамамен 14,9%, немесе 1 305,9 трлн теңгені құрайды. Өндірістік емес сала (жеке қызметті қоса алғанда) несиелік қоржын көлемінің 44%-ын және сауданың 20,8%-ын алады, 2010 жылы бұл көрсеткіштер сәйкесінше 41% және 24% болды. Осылайша, ЕДБ несиелік қоржынының салалық құрылымы 2011 жылдың 12 айында айтарлықтай өзгерген жоқ.


Экономикалық қызмет түрлері бойынша ЕДБ берген қарыздар



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі



ЕДБ қоржынындағы іске қосылмаған кредиттердің үлесі




Дереккөз: ҚР ҰБ Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды бақылау мен қадағалау комитеті


2011 жылы ЕДБ несиелік қоржынының жақсарғаны байқалады. 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша іске қосылмаған несиелердің үлесі 36,47%-дан 34,97%-ға дейін артты. Сонымен бірге, ЕДБ несиелік қоржыны 1377,0 млрд. теңгеге немесе 15,2% ұлғайды.

2011 жылдың желтоқсан айында жеке тұлғаларға **тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген ЕДБ несиелерінің көлемі** 2010 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштен 27,5% артық. Ипотекалық несиелер бойынша орташа есеппен сыйақы мөлшерлемесі 12,1% жетсе, жыл аяғында 11% төмендеді. Азаматтардың тұрғын үй салу және сатып алуға берілген банк кредиттерінің жиынтық көлемі 31.12.2011 жағдай бойынша 855,4 млрд. теңге немесе несие қоржынының 9,7% құрады.

2011 жылы ипотекалық тұрғын үй қарыздары құрылымындағы **сенімсіз несиелер үлесі** 12,3%-дан 11,3% дейін артты. Стандартты қарыздардың үлес салмағы 14,7%-дан 12,8% дейін азайды, ал күмәнді несиелер үлесі 73%-дан 75,9% дейін көбейді.




ҚР Ұлттық Банкі



Дереккөз: ҚР ҰБ Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды бақылау мен қадағалау комитеті

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік қоржынының құрылымы




Дереккөз: ҚР ҰБ Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды бақылау мен қадағалау комитеті

ЕДБ ұсынып отырған ипотекалық несиелеу бағдарламаларын талдау ипотека нарығындағы жағдай айтарлықтай өзгеріссіз қалып отырғанын көрсетеді. Кейбір банктерде ипотекалық несиелеу бойынша тиімді мөлшерлемелер 12,69%—16,5% деңгейінде. Бұдан басқа, кейбір ЕДБ қарызгер қосымша қамсыздама ұсынса, міндетті бастапқы жарнадан бас тартып отыр.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында **4 ипотекалық компания** қызмет етеді. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік қоржынындағы ең үлкен үлес — «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» АҚ (98,2%) тиесілі.


2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық сомасы 98,4 млрд. теңгені құрайды, бұл 2011 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 24,4 млрд.теңгеге немесе 19,9% төмен. Есепті күнге ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік қоржыны 60,2 млрд.теңгені құрайды, бұл алдыңғы жылдың басындағы көрсеткіштен 16,6 млрд.теңгеге немесе 21,6% төмен.

Ипотекалық ұйымдардың несиелік қоржыны құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты несиелер үлесінің артқанын атап өтуге болады. Осылайша, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты несиелер үлесі 82,7% құраса, 2012 жылғы 1 қаңтарға қарай 85,9% болды. Күмәнді несиелер үлесі 8,8%-дан 6,8% дейін азайды. Есепті күнгі сенімсіз қарыздар үлесі 7,3% құрайды.




Дереккөз: ҚР ҰБ Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды бақылау мен қадағалау комитеті

### 3. Тұрғын үйге қолжетімділікті талдау



**3.1.** 2007 жылдан бастап жалпы Қазақстан бойынша **тұрғын үйге қолжетімділіктің**<sup>6</sup> арту қарқыны сезіледі. Егер 2007 жылдың аяғында тұрғын үйге қолжетімділік көрсеткіші шамамен 7 жыл болса, 2011 жылдың аяғына қарай ол 4 жылға дейін қысқарды, бұл — «күрделі қолжетімді тұрғын үй» санатынан «орташа қолжетімді тұрғын үй» санатына ауысу көрсеткіші. 2007 жылмен салыстырғанда айтарлықтай жақсару байқалғанына қарамастан, Алматы қаласында тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенттері жоғары деңгейде қалып отыр.

**3.2. 2011 жылы Қазақстан бойынша жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялардың**<sup>7</sup> табыстылығы 18,5%, Астана және Алматы қалаларында — сәйкесінше 15% құрайды. 2011 жылы жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялар табыстылығының өсімі 2011 жылдың басынан бастап екінші нарықтағы тұрғын үй бағаларының шамалы 8,7% өсуімен, тұрғын үйді жалдау бағасының 5,5% өсуімен түсіндіріледі.



<sup>6</sup> Тұрғын үйге қолжетімділік 18-ге (ҚР ҚНЖЕ сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз ету нормасы) көбейтілген және 1 жыл ішіндегі еңбекақы мәніне (12-ге (айлар саны) көбейтілген орташа айлық еңбекақы) бөлінген және 3/2 коэффициентіне (отбасындағы 3 адам: 2 ересек пен 1 бала; 2 еңбекақы) көбейтілген 1 ш.м. орташа бағасы ретінде есептелетін арнайы индексті қолдану арқылы бағаланады. Бұл коэффициенттің ауытқу шектері қолжетімді тұрғын үйді (3-ке дейін), орташа қолжетімді тұрғын үйді (3,1—4), күрделі қолжетімді тұрғын үйді (4,1—5), едәуір қолжетімсіз тұрғын үйді (5,1-ден жоғары) сипаттайды. Бұл коэффициент барлық табыс пәтер құнын төлеуге жұмсалатын жағдайда, ауданы 54 ш.м. пәтерге ақша жинау үшін 3 адамнан тұратын отбасы қанша жыл еңбектенуі қажет екендігін бағалайды.

<sup>7</sup> Жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялардан түсетін табыс бір жыл ішінде жайлы (екінші нарықтағы) тұрғын үйді жалға беруден және кейін қайта сатудан түскен табыс сомасы ретінде есептеледі.

### 4. Тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдау шаралары

2011–2014 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеті тұрғын үй құрылысын дамыту мен мемлекеттік қолдау шараларын: мемлекеттік тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемін сақтауды, тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің әлеуетін кеңінен пайдалануды, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын жалғастыруды, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар тартуды ынталандыру мен одан әрі іске асыруды қамтиды.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2011 жылы жалдамалы тұрғын үй құрылысына 10,9 млрд теңге бөлінді. 2011 жылы жалдамалы тұрғын үйді пайдалануға беру жоспары 133,4 мың ш.м. болды. ҚІА және ТКШ мәліметтеріне сәйкес 2011 жылы 39,2 мың ш.м.м немесе 640 пәтер жалдамалы тұрғын үй пайдалануға берілді.

2011 жылы тұрғын үй құрылысы жинақ жүйесі арқылы тұрғын үй құрылысына және оны өткізуге 28,8 млрд теңге бөлінді. 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» АҚ өз қызметін бастағаннан бері шамамен 207,7 мың қатысушы жалпы жинақ көлемі 64,4 млрд теңгеден аса тұрғын үй құрылысы жинақтары туралы шарт жасасты. Тұрғын үй құрылысы жинақтары туралы шарттардың ең көбі Астана (15,4%) және Алматы (13,5%) қалаларында, Ақтөбе (8,2%) және Шығыс Қазақстан (7,7%) облыстарына тиесілі.

2011 жылы тұрғын үй құрылысы аудандарындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен жайластыруға 28,1 млрд теңге бөлінді. Бөлінген қаражат есебінен республика бойынша 532 км инженерлік желілер, соның ішінде 223 км электрмен қамтамасыз ету желісі, 46 км жылумен қамтамасыз ету желісі, 87,9 км сумен қамтамасыз ету желісі, 33,6 км көріз, 112,5 км газ құбырлары мен 29 км айналма жолдар салынды.

Аталған шаралармен қатар, Үкіметтің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы қаулысына сәйкес «Тұрғын үй құрылысының 2011–2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №329 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, осыған сәйкес Астана және Шымкент қалаларында тұрғын үй нысандарын салу жөніндегі пилоттық жобаларды қаржыландыру Жылжымайтын мүлік қоры арқылы жүзеге асырылады. Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үй нысандарын салу жөніндегі пилоттық жобаларға салған инвестициялардың жалпы сомасы 17,1 млрд теңгені құрайды.

ҚР Президентінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы халыққа жолдауында жас отбасыларға қолжетімді тұрғын үй салу негізгі басымдықтардың бірі ретінде белгіленген. ҚР Үкіметіне 2012 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей, «Қолжетімді тұрғын үй — 2020» бағдарламасын әзірлеу тапсырылды.





«Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ  
Шоғырландырылған қаржылық есептілік  
2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
Тәуелсіз аудиторлардың есебімен қоса

#### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның акционеріне

Біз «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі — «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараты жатады.

#### Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Топ басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

#### Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз біз жүргізген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті шоғырландырылған қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедураларды орындау жатады. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ аудитке таңдалған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп санаймыз.

#### Пікір

Біздің ойымызша шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Топтың 2011 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP



Айсулу Нарбаева  
Аудитор

Аудитордың 1994 жылғы 21 қазандағы  
№ 0000137 біліктілік куәлігі



Евгений Жемалетдинов  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия: сериясы МФЮ — 2, № 0000003, Қазақстан  
Республикасы Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы 15  
шілдеде берілген.

2012 жылғы 15 наурыз

## 2011 ЖЫЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ		Шоғырландырылған қаржылық есептілік	
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП			
2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша			
Мың теңгемен	Ескерт.	2011	2010*
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	5	4.944.989	4.551.128
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	1.629.330	2.071.767
Құрылыс компанияларына берілген аванстар	8	3.547.395	23.135.138
Материалдық емес активтер		24.008	19.533
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	21.585.886	13.598.808
		31.731.608	43.376.374
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауар-материалдық қорлар		9.812	4.714
Сатуға арналған жылжымайтын мүлік	7	673.667	680.772
Құрылыс компанияларына берілген аванстар	8	224.410	—
Сауда дебиторлық берешек	11	608.813	1.528.002
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		131.109	—
Басқа да ағымдағы қаржылық активтер	12	12.725.422	12.365.727
Басқа да ағымдағы активтер	13	23.205	539.188
Ақша қаражаты және олардың баламалары	14	32.976.265	26.047.375
		47.372.703	41.165.778
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	10	25.172.720	—
		72.545.423	41.165.778
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>104.277.031</b>	<b>84.542.152</b>
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	15	19.876.956	15.000.000
Қосымша төленген капитал	16	7.611.892	11.356.866
Сату үшін қолда бар құралдар қоры	15	87.997	—
Бөлінбеген пайда		3.611.055	395.272
<b>Капитал жиыны</b>		<b>31.187.900</b>	<b>26.752.138</b>

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ		Шоғырландырылған қаржылық есептілік	
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)			
2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша			
Мың теңгемен	Ескерт.	2011	2010*
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Бас компаниядан алынған қарыздың ұзақ мерзімді бөлігі	16	15.320.839	25.911.257
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		417.928	156.647
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	23	149.184	23.579
		15.887.951	26.091.483
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Бас компаниядан алынған қарыздың қысқа мерзімді бөлігі	16	54.249.344	30.724.814
«Репо» шарттары бойынша міндеттемелер	17	2.254.003	851.004
Сауда кредиторлық берешек	18	106.651	18.178
Төленуге жататын ағымдағы табыс салығы		—	42.943
Басқа да ағымдағы міндеттемелер		591.182	61.592
		57.201.180	31.698.531
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>73.089.131</b>	<b>57.790.014</b>
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>104.277.031</b>	<b>84.542.152</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2010 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта топтастыруды көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2ескертпеде келтірілген.

6 — 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

Басқарма Төрағасы

Б.А.Палымбетов.

Басқарушы директор — Басқарма мүшесі

М.Х. Қарибжанов

Бас менеджер — бас бухгалтер

Б.К.Сипульдина





«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚШоғырландырылған қаржылық есептілік

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
Мың теңгемен	Ескерт.	2011	2010
Кірістер	19	5.239.208	1.358.571
Өзіндік құн	20	(1.326.057)	(746.925)
Жалпы пайда		3.913.151	611.646
Жалпы және әкімшілік шығыстар	21	(1.293.013)	(782.491)
Операциялық пайда / (зиян)		2.620.138	(170.845)
Қаржыландыру кірістері	22	2.981.818	3.020.890
Қаржыландыру шығыстары	22	(1.437.681)	(2.038.426)
Басқа да кірістер		210.586	2.002
Салық салынғанға дейінгі пайда		4.374.861	813.621
Табыс салығы бойынша шығыстар	23	(1.101.604)	(430.465)
Есепті жылдағы пайда		3.273.257	383.156
Басқа да жиынтық кіріс			
Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша таза кірістер		109.996	—
Салықтың пайдаға әсері		(21.999)	—
Салықтар шегерілген есепті жылғы өзге жиынтық кіріс		87.997	—
Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны		3.361.254	383.156

6 – 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Басқарушы директор — Басқарма мүшесі

Бас менеджер — бас бухгалтер



Б.А.Палымбетов

М.Х. Карибжанов

Б.К.Сипульдина

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚШоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін					
Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар құралдар қоры (15-ескертпе)	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2010 жылдың 1 қаңтарына	15.000.000	10.862.071	—	14.254	25.876.325
Есепті кезеңдегі пайда	—	—	—	383.156	383.156
Басқа да жиынтық кіріс	—	—	—	—	—
Жиынтық кіріс жиыны	—	—	—	383.156	383.156
Бас компаниядан алынған қарызды дисконттау (16-ескертпе)	—	9.719.148	—	—	9.719.148
Бас компаниядан алынған қарыздың шарттарын өзгерту (16-ескертпе)	—	(9.224.353)	—	—	(9.224.353)
Дивидендтер (15-ескертпе)	—	—	—	(2.138)	(2.138)
2010 жылдың 31 желтоқсанына	15.000.000	11.356.866	—	395.272	26.752.138
Есепті кезеңдегі пайда	—	—	—	3.273.257	3.273.257
Басқа да жиынтық кіріс	—	—	87.997	—	87.997
Жиынтық кіріс жиыны	—	—	87.997	3.273.257	3.361.254
Акциялар шығарылымы (15-ескертпе)	4.876.956	—	—	—	4.876.956
Бас компаниядан алынған қарыздың шарттарын өзгерту (16-ескертпе)	—	(3.744.974)	—	—	(3.744.974)
Дивидендтер (15-ескертпе)	—	—	—	(57.474)	(57.474)
2011 жылдың 31 желтоқсанына	19.876.956	7.611.892	87.997	3.611.055	31.187.900

П6 – 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Басқарушы директор — Басқарма мүшесі

Бас менеджер — бас бухгалтер



Б.А.Палымбетов

М.Х. Карибжанов

Б.К.Сипульдина

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
Мың теңгемен	Ескерт.	2011	2010
<b>Операциялық қызмет</b>			
Салық салынғанға дейінгі пайда		4.374.861	813.621
Мыналарға түзетулер:			
Тозу және амортизация		63.517	31.306
Қаржыландыру кірістері	22	(2.981.818)	(3.020.890)
Қаржыландыру шығыстары	22	1.437.681	2.038.426
<b>Айналымдағы капиталды түзету</b>			
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс		(5.098)	(3.637)
Сауда-дебиторлық берешектегі өзгеріс		919.189	(1.301.133)
Өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		1.169.770	(6.218.555)
Сауда-кредиторлық берешектегі өзгеріс		88.473	8.743
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		(5.561)	39.695
		5.061.014	(7.612.424)
Төленген табыс салығы		(934.185)	(328.724)
Төленген пайыздар		(101.405)	(11.802)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімдері/(жұмсалуды)</b>			
		4.025.424	(7.952.950)
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға алдын ала төлем		(26.414.469)	(20.263.240)
Салушыларға қаражатты қайтару		12.472.645	—
Банктердегі депозиттер		5.968.200	7.933.305
Берілген қарыздар		—	(557.873)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(63.623)	(33.547)
Бағалы қағаздармен операциялар, нетто		394.704	1.772.658
Алынған пайыздар		1.548.274	1.882.920
<b>Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды</b>			
		(6.094.269)	(9.265.777)
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Бас компаниядан қарыздар алу		22.238.034	31.624.814
Бас компаниядан алынған қарызды өтеу		(14.585.824)	(9.978)
«Репо» шарттары бойынша ақша қаражатын алу		1.402.999	711.004
Төленген дивидендтер		(57.474)	(2.138)
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі</b>			
		8.997.735	32.323.702
<b>Ақша қаражатындағы және олардың баламаларындағы таза ұлғаю</b>			
		6.928.890	15.104.975
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	14	26.047.375	10.942.400
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен олардың баламалары	14	32.976.265	26.047.375

Ақшалай емес операциялардың ашылып көрсетілуі 24-ескертпеде көрсетілген.  
6 – 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Б.А.Палымбетов

Басқарушы директор — Басқарма мүшесі

М.Х. Карибжанов

Бас менеджер — бас бухгалтер

Б.К.Сипульдина

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР  
2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

“Самұрық-Қазына” Жылжымайтын мүлік қоры” АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша — “Компания”) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы №265 қаулысымен құрылды.

Компания кеңсесінің орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1 үй.  
Мемлекет меншігінде Компанияның 100% үлесі бар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі «Бас компания») арқылы Компанияға бақылау жүргізеді.

2010 жылы Компания “ФН Менеджмент” ЖШС мен “Зәулім” ЖШС атты екі еншілес компанияның (бірлесіп “Топ” деп аталады) негізін қалады. Еншілес компаниялардың негізгі қызметі 2-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Мемлекетке Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруда қолдау көрсету Топ миссиясы болып табылады. Компанияның негізгі қызметіне мыналар жатады:  
– Тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайларды мақсатты сатып алу, оның ішінде құрылыста қатысу үлестерін сатып алу шарттарын, ақшаны уақытша пайдалану шарттарын жасау және құрылысқа инвестициялар салу, сатып алу-сату, сондай-ақ қаражаты құрылысты аяқтау үшін салушыларды несиелендіруге бағытталатын мақсаты банк салымдарын орналастыру арқылы сатып алу;  
– Сатып алынған үй-жайларды тиімді басқару және өткізу.

Осы қаржылық есептілік, шоғырландырылған негізде, Топтың 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жыл үшін қызметінің қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге оның қаржылық жағдайын білдіреді.

Топтың 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2012 жылғы 15 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (ХҚЕС жөніндегі Кеңес) бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгесі есеп саясатында және осы шоғырландырылған есептілік нысандарының ескертпелерінде аталмаса, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі «теңге») жасалды, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, мыңдық мағынаға дейін дөңгелектенді.

Шоғырлану негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігі кіреді.

Еншілес компаниялар Топтың еншілес компанияға бақылау алған күнін білдіретін иемденген күннен бастап Топпен толығымен шоғырланады және мұндай бақылаудан айырылған күнге дейін шоғырлануын жалғастырады. Еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың барлық компаниялары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде негізгі компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, Топтың ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өткізілмеген кірістер мен шығыстар және дивидендтер толығымен алынып тасталды.





ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті және сатуға арналған жылжымайтын мүлікті жіктеу

Топ жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылатындығын былайша айқындайды:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлікке, Топ қызметінде пайдаланбайтын, операциялық қызметте сатылмайтын, ал бірінші кезекте жалға беруден кіріс және капитал құнының өсуінен болатын кірісті алу үшін ұсталып қалатын, пәтерлер, паркингтер мен сауда үй-жайлары кіреді.
- Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке операциялық қызметте сатуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. Негізінен, бұл Топ құрылысты аяқтағанға дейін немесе кейін сатқысы келетін пәтерлер, паркингтер және сауда үй-жайлары.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны

Инвестициялық жылжымайтын мүлік өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды шегеру арқылы көрсетіледі. Әділ құн ұқсас сипаттамалары мен орналасқан жері бар жылжымайтын мүлікпен таяуда жасалған мәмілелердің негізінде айқындалады. Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 6-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік өзіндік құнының ең азы және таза өткізу құны (ТӨҚ) бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған жылжымайтын мүліктің ТӨҚ нарықты конъюнктура мен есепті күнгі бағаны ескере отырып бағаланады және Топ тиісті нарықтық операцияларды назарға ала отырып айқындайды.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер

2011 жылы Топ Бас компанияның бақылауындағы ұйым бақылайтын компанияның «ҚазМұнайГазСервис» ЖШС компаниясының «Зәулім» ЖШС-дегі қатысу үлесінің 100% сату ниетін жария етті. Басшылық еншілес ұйымның шығуы сатуға арналған активтер тобы ретінде келесі себептермен жіктеуге сәйкес келеді деп есептеді:

- 2011 жылғы 28 желтоқсанда «Самұрық-Қазына жылжымайтын мүлік қоры» АҚ «ҚазМұнайГазСервис» ЖШС компаниясының «Зәулім» ЖШС-дегі қатысу үлесінің 100% сату туралы келісімге қол қойды.
- 2012 жылғы 25 қаңтарда Топ 68.631 мың теңге мөлшеріндегі сыйақы үшін еншілес ұйымның сатылуын аяқтады (28-ескертпе).
- 2012 жылғы 27 қаңтарда Компания «Зәулім» ЖШС-мен 27.049.064 мың теңге сомасында әкімшілік ғимараттың құрылысын қаржыландыруға Компания «Зәулім» ЖШС-не берген ақша қаражатын қайтару туралы келісімге қолын қойды.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Есеп саясатындағы өзгерістер

Қабылданған есеп саясаты, бұдан әрі қарастырылатын жаңа немесе қайта қаралған Стандарттар мен 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Түсіндірулерін қабылдауды қоспағанда, алдыңғы есепті жылда қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді.

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер

- 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген 24 ХҚЕС (IAS) түзету “Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету”.
- 2010 жылғы 1 ақпанда күшіне енген 32 ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну».
- 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген 14 IFRIC түсіндірмесі «Ең аз қаржыландыру туралы талапқа қатысты алдын ала төлемдер».
- ХҚЕС жетілдіру (2010 жылдың мамыр айы)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

Стандарттарды немесе түсіндірулерді қабылдау төменде сипатталған:

24 ХҚЕС (IAS) түзету “Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету”

ХҚЕС жөніндегі Кеңес байланысты тараптардың анықтамасын түсіндіріп беретін 24 ХҚЕС-ке (IAS) түзетуді жария етті. Жаңа анықтамаларда байланысты тараптардың қарым-қатынастары бөлігінде симметрияға көп көңіл бөлінген. Сондай-ақ түзету жеке тұлға немесе аға басқарушы персонал компанияның байланысты тараппен қарым-қатынастарына әсер ететін жағдайларды түсіндіріп береді. Сонымен бірге, түзету мемлекетпен немесе бақыланатын, есептілікті жасаушы-компания сияқты дәл сол мемлекет бірлесіп бақылайтын немесе соларға осы мемлекет едәуір ықпал ететін компаниялармен жасалатын мәмілелер үшін ақпаратты ашып көрсету жөніндегі талаптардан ерекшелікті көздейді. Түзетуді қолдану Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

32 ХҚЕС (IAS) түзетуі «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну»

ХҚЕС жөніндегі Кеңес компанияларға акцияларға, опциондарға және үлестік құралдар ретінде варранттарға арналған құқықтарға белгілі бір шығарылымдарды жіктеуге мүмкіндік беретіндей етіп 32 ХБЕС-тегі (IAS) қаржылық міндеттеменің анықтамасын өзгертетін түзетуді жария етті. Бұл түзету, егер мұндай құқықтар пропорционалды негізде компанияның туынды емес үлестік құралдарының бір класының барлық иелеріне кез келген валютада тіркелген сома үшін компанияның меншікті үлестік құралдарының белгілі бір санын иемдену мақсатында мұндай құқықтарды берген жағдайда қолданылады. Түзету Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың мұндай құралдары жоқ.

14 (IFRIC) түсіндірмесіне түзету “Ең аз қаржыландыру туралы талапқа қатысты алдын ала төлемдер”

Түзету компанияға қатысты ең аз қаржыландыру туралы талап қолданылғанда және компания мұндай талаптарды орындау мақсатында алдын ала төлемді жасағанда лайықсыз салдарды жояды. Түзету компанияға зейнетақы активі ретінде келешек қызметтердің құнына қатысты алдын ала төлемді мойындауға рұқсат береді. Топқа қатысты Қазақстан Республикасында қолданылатын ең аз қаржыландыру туралы талап қолданылмайды, сондықтан түсіндірмеге қатысты түзету Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсерін тигізбеді.

ХҚЕС жетілдіру

2010 жылдың мамыр айында ХҚЕС жөніндегі кеңес ішкі сәйкессіздіктерді жою және аталуын нақтылау мақсатында өзінің стандарттарына қатысты түзетулердің үшінші жинағын шығарды. Әрбір стандартқа қатысты жеке өтпелі ережелер бар. Төменде санамаланған стандарттарды қолдану (өзгерістерімен) Топтың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

- 3 ХҚЕС (IFRS) түзетуі «Бизнесі біріктіру» бақыланбайтын қатысу үлесін бағалау тәсілдеріне өзгерістер енгізді. Таратылған жағдайда өз иесіне компанияның таза активтеріндегі тепе-тең үлеске құқық беретін бақыланбайтын қатысу үлестерінің құрамдастары әділ құны бойынша не болмаса сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі тепе-тең үлес бойынша бағалануы тиіс. Барлық басқа құрамдастар сатып алу күніне әділ құны бойынша бағалануы тиіс.
- 7 ХҚЕС (IFRS) түзету «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» ұсталып қалатын қамтамасыз ету туралы ашып көрсетілетін ақпараттың көлемін азайту есебінен ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптарды азайту және сипаттамалар контекстінде санды ақпаратты пайдалану туралы талаптың арқасында ақпаратты ашып көрсетуді жетілдіру мақсатында енгізілді.
- 1 ХБЕС-ке (IAS) түзету «Қаржылық есептілікті ұсыну» компания капиталдағы өзгерістер туралы есепте не болмаса қаржылық есептілікке ескертпелерде басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасының талдауын ұсына алатындығын түсіндіреді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

ХҚЕС жетілдіру (жалғасы)

«ХҚЕС жетілдіру» жобасының нәтижесінде қабылданған, төменде көрсетілген басқа да түзетулер Топтың есеп саясатына, қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне әсерін тигізбеді:

- 3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру» (3 ХҚЕС (IFRS) қабылданғанға дейін жасалған бизнесті біріктіру мәмілелерімен негізделген шартты сыйақы (2008 жылғы редакцияда))
- 3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру» (Акцияларға негізделген төлемдермен бірге ерікті негізде ауыстырылмаған және ауыстырылған сыйақы)
- 27 ХҚЕС (IAS) «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік»;
- 34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік»;
- Төменде көрсетілген түсіндірмелер мен түсіндірмелерге түзетулер Топтың есеп саясатына, қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізбеді:
- 13 IFRIC түсіндірмесі «Клиенттердің адалдығын қолдауға бағытталған бағдарламалар» (бонустық бірліктердің әділ құнын анықтау).
- 19 IFRIC түсіндірмесі «Үлестік құралдарды ұсыну арқылы қаржылық міндеттемелерді өтеу»

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың Қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар келтіріледі. Тізімге Топтың тұрғысынан келешекте қолданылған жағдайда ақпараттың ашылып көрсетілуіне, қаржылық жағдайына немесе қаржылық қызметтің нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен түсіндірмелер қосылған. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

1 ХҚЕС (IAS) түзету «Қаржылық есептілік: ақпаратты ұсыну» — «Басқа да жиынтық кіріс баптарын ұсыну»

1 ХҚЕС (IAS) түзетулері басқа да жиынтық кіріс құрамында ұсынылатын баптардың топтастырылуын өзгертеді. Баптар келешекте белгілі бір сәтте (мысалы, мойындалуы немесе өтелуі тоқтаған жағдайда) пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуі мүмкін, олар ешқашан қайта жіктелмейтін баптан жеке ұсынылуы тиіс. Түзету тек ұсынылуына ғана әсер етеді және Топтың қаржылық жағдайын немесе қызметінің қаржылық нәтижелерін қозғамайды. Түзету 2012 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

12 ХҚЕС (IAS) «Табыс салығы» — «Кейінге қалдырылған салықтардың негізіндегі активтерді өтеу» түзетуі

Түзетуде әділ құн бойынша қайта бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке қатысты кейінге қалдырылған салықты айқындау тетігі түсіндіріледі. Түзету аясында бағалануы үшін ХҚЕС (IAS) 40 сай әділ құнының үлгісі пайдаланылатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке кейінге қалдырылған салық оның баланстық құны сату арқылы өтелетіндігіне сүйене отырып айқындалуы тиіс екендігіне дауланбайтын жорамал енгізіледі. Сонымен бірге, түзетуде активті сату туралы жорамалдың негізінде ғана ХҚЕС (IAS) 16 қайта бағалау үлгісіне сай бағаланатын амортизацияланбайтын активтер бойынша кейінге қалдырылған салықты есептеу қажеттілігі туралы талап енгізілді. Түзету 2012 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

19 ХҚЕС (IAS) түзету «Қызметкерлерге сыйақы»

ХҚЕС жөніндегі кеңес 19 ХҚЕС (IAS) бірнеше түзетуді жариялады. Олар фундаменталды өзгерістерден (мысалы, әділ тетігін және жоспар активтерінің күтілетін кірістілігінің ұғымын алып тастау) қарапайым түсіндірулерге және формулировкасын өзгертуге дейін өзгеріп отырады. Түзетулер 2013 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді және Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізбейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

27 ХҚЕС (IAS) «Жекелеген қаржылық есептілік» (2011 жылғы редакцияда)

10 ХҚЕС (IFRS) пен 12 ХҚЕС (IFRS) жаңа стандарттарын жария етудің нәтижесінде жаңа редакциядағы 27 ХҚЕС (IAS) жекелеген қаржылық есептілікте еншілес, бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан компанияларды есепке алумен шектеледі. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» (2011 жылғы редакцияда)

11 ХҚЕС (IFRS) пен 12 ХҚЕС (IFRS) жаңа стандарттарын жариялау нәтижесінде 28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» атты 28 ХҚЕС (IAS) жаңа атауын алды және ол қауымдасқан компанияларға салынатын инвестицияларға қатысты ғана емес, сол сияқты бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестицияларға қатысты үлестік қатысу әдісін қолдануды сипаттайды. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

7 ХҚЕС (IFRS) түзету «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» — «Мойындалуын тоқтату туралы ақпаратты ашып көрсетуге қатысты жетілдірілген талаптар»

Түзету Топтың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға мойындалуы тоқтатылмаған активтердің және тиісті міндеттемелердің өзара байланыс сипатын түсінуге мүмкіндік беру үшін берілген, бірақ мойындалуы тоқтамаған қаржы активтері туралы қосымша ақпаратты жария етуді талап етеді. Сонымен бірге, түзету Компанияның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға мойындалуы тоқтаған мұндай активтерге компанияның жалғасып отырған қатысуының сипатын және осыған байланысты тәуекелдерді түсінуге мүмкіндік беру үшін мойындалуы тоқтаған активтерге жалғасып отырған қатысу туралы ақпаратты жария етуді талап етеді. Түзету 2011 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету тек ақпаратты ашып көрсетуге ғана қатысты және Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»

ХҚЕС жөніндегі кеңестің 39 ХҚЕС (IAS) ауыстыру жөніндегі жобасының бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша шығарылған 9 ХҚЕС (IFRS) олар ХҚЕС (IAS) 39 айқындалғандай қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеуге және бағалауға қатысты қолданылады. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Келесі кезеңдердің барысында ХҚЕС жөніндегі кеңес хеджирлеуді есепке алуды және қаржы активтерінің құнсыздануын қарастырады. Жоба 2011 жылы немесе 2012 жылдың бірінші жарты жылдығында аяқталады деп күтілуде. 9 ХҚЕС-тің (IFRS) бірінші кезеңін қолдану Топтың қаржылық активтерін жіктеуге және бағалауға әсерін тигізеді, бірақ қаржылық міндеттемелердің жіктелуіне және бағалауына әсерін тигізбейді. Аяқталған бейнені елестету үшін Топ осы стандарттың олар жарияланғаннан кейін жобаның басқа кезеңдерімен байланыстыра отырып қаржылық есептіліктегі тиісті сомаларға ықпалын бағалайды.

10 ХҚЕС (IAS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»

10 ХҚЕС (IFRS) шоғырландырылған қаржылық есептіліктің есебінде қарастырылған 27 ХҚЕС (IAS) «Шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептіліктің» бір бөлігін ауыстырады. Сондай-ақ стандарт ПКИ-12 түсіндірмесінде «Шоғырлану — арнайы мақсаттағы компаниялар» қарастырылған мәселелерді қозғайды.

10 ХҚЕС (IFRS) арнайы мақсаттағы компанияларды қоса алғанда, барлық компанияларға қатысты қолданылатын бірегей бақылау үлгісін көздейді. 10 ХҚЕС (IFRS) стандартымен енгізілетін өзгерістер басшылықтан компаниялардың қайсысы бақыланатынын айқындау кезінде пайымдаулардың едәуір көлемін қажет етеді және тиісінше, 27 ХҚЕС (IAS) талаптарын қолдану кезінде бас компаниямен шоғырландырылуы тиіс.

Стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім»

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен қызметке қатысу» атты 31 ХБЕС (IAS) және «Бірлесіп бақыланатын компаниялар — қатысушылардың монетарлық емес салымдары» атты ПКИ-13 түсіндірмесін ауыстырады. 11 ХҚЕС (IFRS) пропорционалды шоғырландыру әдісімен бірлесіп бақыланатын компанияларды есепке алу мүмкіндігін жоққа шығарады.

Соның орнына бірлескен кәсіпорындардың анықтамасын қанағаттандыратын бірлесіп бақыланатын компаниялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Топтың бірлескен қызмет туралы еш келісімдері жоқ және стандарт қабылдануының қаржылық есептілікке әсерін күтпейді.

Стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

ХҚЕС (IFRS) 12 «Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашып көрсету»

12 ХҚЕС (IFRS) шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде бұрын 27 ХҚЕС (IAS) көзделген ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын барлық талаптар, сондай-ақ бұрын 31 ХҚЕС (IAS) мен 28 ХҚЕС (IAS) көзделген ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын барлық талаптар қамтылған. Ақпаратты ашып көрсетуге қатысты мұндай талаптар компанияның еншілес компанияларға, бірлескен қызметке, ассоциацияланған және құрылымдалған компанияларға қатысу үлестеріне жатады. Сондай-ақ ақпаратты ашып көрсетуге қатысты белгілі бір жаңа талаптар енгізілді. Стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

13 ХҚЕС (IFRS) бір стандарта ХҚЕС-ке сай әділ құнын бағалауға қатысты барлық нұсқауларды біріктіреді. 13 ХҚЕС (IFRS) компаниялар әділ құнды пайдалануға міндетті болған кезінде өзгерістерді енгізбей, әділ құнды пайдалану қажет болғанда немесе рұқсат етілгенде ХҚЕС-ке сай әділ құнды бағалауға қатысты нұсқауларды береді. Қазіргі уақытта Топ мұндай стандарттың қолданылуының қаржылық жағдайға және қызметтің қаржылық нәтижелеріне әсерін бағалайды. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген, әрі ол Компания мен оның еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы болып табылады. Теңге Компания мен оның еншілес ұйымдары қызмет ететін негізгі экономикалық қоршаудың валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операциялар мойындау критерийлерін қанағаттандыратын күнге қолданылатын спот-бағамы бойынша олардың функционалдық валютасында Топ компанияларымен ескеріледі.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмалар Пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан Республикасында Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары пайдаланылады.

ҚҚБ 2011 жылғы 31 желтоқсанда белгілеген АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ долларына шаққанда 148,4 теңгені құрады (2010 жылы: 1 АҚШ долларына шаққанда 147,5 теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кірістерді мойындау

Егер Топтың экономикалық пайданы алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынса, түсім мойындалады. Түсім шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Топ принципал немесе агент ретінде болатындығын айқындау мақсатында белгілі бір критерийлерге сәйкес түсім алуды көздейтін өзі жасайтын шарттарды талдайды. Топ ол барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді. Түсімді мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

Жылжымайтын мүлікті сату

Жылжымайтын мүлікті сатудан түскен кіріс, әдетте, жылжымайтын мүлікті иелік етуден болған едәуір тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға өткенде мойындалады. Аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілеріне арналған талап ету құқықтарын беруден түскен кірістер сатып алушыға талап ету құқықтарымен байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы беру кезінде мойындалады.

Жалға беруден түскен кіріс

Жалдаумен байланысты бастапқы тікелей шығындарды шегергенде, операциялық жалдаудан болған дебиторлық берешек, олар пайда болғанда мойындалатын жалдаудан болған шартты кірістерді қоспағанда, жалдау мерзімінің ішінде тепе-тең негізде мойындалады.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құн және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық табыс Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландырудан түскен табыстар құрамына енгізіледі.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу қағидатының негізіне жатқызылған сол кезеңде пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қарыздар бойынша шығыстар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Заемдар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы кезең үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, — есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы Пайда мен зияндар туралы есепте емес, капитал құрамында мойындалады. Топ басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша жеңілдіктер

Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге Қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес компанияларға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт бөлуінде уақыт айырмасының азаюын бақылау жасауға мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу арада азайтылмайды деген едәуір ықтималдылық болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес компанияларға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Табыс немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық табыс немесе шығын құрамында мойындалмайды. Кейінге қалдырылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Қызметкерлерге сыйақылар

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатады.

Белгіленген жарналармен зейнетақы жоспарлары

Топ арнайы зейнетақы қорларына жарналар ретінде өзінің қызметкерлерінің жалақысынан 10% ұстайды. Заңнаманың талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдері үшін жауапкершілік қызметкерлердің мойнында, бұл ретте Топтың еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге өтемақыларды төлеу бойынша ағымдағы немесе келешек міндеттемелері жоқ.

Қаржы активтері

Бастапқы мойындау және бағалау

39 ХҚЕС (IAS) әрекет ету саласындағы қаржылық активтер сәйкесінше кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтер; өтеуге дейінгі кредиттер мен дебиторлық қарыздар, инвестициялар, сату үшін қолда бар қаржылық активтер ретінде белгіленген туынды құралдар ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржылық активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржы активтері бастапқыда инвестициялар болған жағдайда ұлғайтылған, мәміле бойынша сонымен тікелей байланысты шығындарға табыс не болмаса залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша мойындалады.

Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер (“стандартты талаптардағы” сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Топ өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Топтың қаржылық активтеріне ақша қаражаты мен қысқа мерзімді әрі ұзақ мерзімді депозиттер, мемлекеттік облигациялар сауда және басқа да дебиторлық берешек, қарыздар және сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларына төленген сомалар сияқты алынатын басқа да сомалар жатады.

Одан кейінгі бағалау

Қаржылық активтерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтер

«Кіріс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын қаржылық активтер» санатына саудаға арналған қаржылық активтер және кіріс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын қаржылық активтер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық активтер жатады. Қаржылық активтер жақын болашақта сату мақсатында сатып алынған жағдайда саудаға арналған деп жіктеледі. Кіріс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын қаржылық активтер әділ құны бойынша Қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, ал әділ құнының өзгеруі Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландырудан түскен кірістер немесе қаржыландыруға жұмсалған шығыстар құрамында танылады.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде айқындалған қаржы активтері жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтер (жалғасы)

Топ туынды құралдарға ұқсамайтын саудаға арналған қаржы активтерін оларды таяу арада сату ниетінің бар-жоғы туралы жорамалдың орындылығына қатысты талдайды. Егер сирек жағдайларда Топ солар үшін белсенді нарықтардың болмауының салдарынан осы активтермен сауда жасауға шамасы келмесе және басшылықтың оларды таяу арада сатуға қатысты ниеті өзгеріп кетсе, Топ мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді қабылдай алады. Қарыздар мен дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар құралдарының немесе өтеуге дейін ұсталатын қаржы құралдарының санатындағы мұндай активтердің қайта жіктелуі активтің сипатына байланысты болады. Жүргізілген талдау компанияның әділ құн бойынша есепке алу мүмкіндігін пайдалануына орай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп жіктелген қаржы активтеріне әсерін тигізбейді; мұндай құралдар бастапқыда мойындалғаннан кейін қайта жіктеле алмайды.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен олардың баламаларына банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Заемдар және дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек, ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда, белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация Пайда немесе зияндар туралы есепте қаржыландырудан түскен кірістердің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар Пайда мен зияндар туралы есепте қарыздар болған жағдайда қаржыландыру шығындарының құрамында және дебиторлық берешек болған жағдайда басқа да операциялық шығыстардың құрамында мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына борыштық бағалы қағаздар жатады. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар — Топ белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар.

Бастапқыда мойындалғаннан кейін сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша өткізілмеген кірістер немесе шығыстар сату үшін қолда бар құралдар қорының құрамында басқа да жиынтық кіріс ретінде жинақталған кірістер немесе шығыстар басқа операциялық кірістің құрамында мойындалатын инвестицияларды мойындау тоқтаған сәтке дейін не болмаса жинақталған шығыстар сату үшін қолда бар құралдардың қорынан пайда немесе зиян құрамына қайта жіктелгенде инвестициялар құнсызданған болып есептелген сәтке дейін мойындалады және қаржыландыру бойынша шығындар ретінде мойындалады. Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларын ұстау кезеңінде түскен пайыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша пайыздық кірістер ретінде көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Мойындауды тоқтату

Қаржылық активтің (немесе, қолданылатын жерде — қаржылық актив бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) мына жағдайларда танылуы тоқтатылады:

- активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса, қаржы активі (немесе қолданылуына қарай — қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері топтарының бір бөлігі) қаржылық жай-күй туралы есепте мойындалуын тоқтатады.
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ активтен ақша ағындарын алуға арналған өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзиттік келісімді жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы сақтап қалғандығын, және егер сақтап қалса, қай көлемде сақтағандығын бағалайды. Егер Топ активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе, жаңа актив Топ берілген активте өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Мұндай жағдайда Топ тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасып отырған қатысу келесі өлшемдердің ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлеліне борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиындықтарды бастап өткізіп отырғанына, өз берешегіне қызмет көрсете алмай отырғанына немесе пайыздарды не болмаса негізгі берешек сомасын дұрыс төлемей отырғанына, сондай-ақ олар банкроттық процедурасын немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастыруды жасайтындығына нұсқаулар кіруі мүмкін. Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаюына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады.

Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер

Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржылық активтерге қатысты Топ ең алдымен дербес маңызды қаржылық активтердің объективті құнсыздану дәлелдеріне жеке бағалау не болмаса дербес маңызды болып табылмайтын қаржы активтері бойынша жиынтық бағалау жасайды. Егер Топ дербес бағаланатын қаржылық актив құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай кредиттік тәуекел сипаттамалары бар қаржылық активтер тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Солар бойынша құнсыздану шығындары мойындалатын не болмаса мойындалуы жалғасатын құнсыздану затына жеке бағаланатын активтер құнсыздану затына жиынтық бағалауға қосылмайды.

Құнсыздану шығыны болуының объективті дәлелі болғанда шығын сомасы активтің баланстық құны мен күтілетін келешек ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде (әлі бола қоймаған келешекте күтілетін кредиттік шығындарды есепке алмастан) бағаланады. Есептік келешек ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме құбылмалы болып табылса, құнсыздану шығынын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдағы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.



Жылдық есебі <b>2011</b>		2011 ЖЫЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ		 «Самұрық-Қазына» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ	
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ		Шоғырландырылған қаржылық есептілік		«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)				ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)	
4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)				4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)	
Қаржылық активтердің құнсыздануы (жалғасы)				Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)	
Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер (жалғасы) Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы төмендетіледі, ал шығын сомасы Пайда мен зияндар туралы есепте танылады. Төмендетілген баланстық құн бойынша пайыздық кірісті есептеу, құнсызданудан болған шығынды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделе отырып жалғаса береді. Пайыздық кірістер Пайда мен зияндар туралы есептің қаржыландырудан түскен кіріс құрамында көрсетіледі. Қарыздар тиісті резервтермен бірге, егер оларды келешекте нақты өтеу мүмкіндігі болмаса, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылып не болмаса Топқа берілсе, баланстан есептен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығынның сомасы құнсыздану мойындалғаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғаятын не болмаса азаятын болса, құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығын сомасы резерв шотының түзетілуі арқылы ұлғаяды не болмаса азаяды. Егер қаржы құралының құнын бұрынғы есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамында мойындалады.		Одан кейінгі бағалау (жалғасы)  Бас компаниядан алынған қарыз Бас компаниядан алынған қарыз бастапқы танудан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Тиісті кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ амортизацияның есептелуіне қарай Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады.		Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландырудан болған шығыстар құрамына енгізіледі.	
Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына қатысты Топ әрбір есепті күнге инвестициялар немесе инвестициялар тобы құнсыздануға ұшырағандығының объективті дәлелінің бар екендігін бағалайды.		Мойындауды тоқтату Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.		Егер Бас компанияның алдындағы қаржылық міндеттеме біршама айырмашылығы бар шарттарда Бас компанияның алдындағы өзге міндеттемеге ауыстырылса немесе, егер бар қаржылық міндеттеменің талаптары біршама өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау деп есептеледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма Капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылады.	
Сату үшін қолда бар деп жіктелген борыштық құралдар жағдайында құнсыздану амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты қолданылатын дәл сол критерийлердің негізінде бағаланады. Дегенмен құнсызданудан болған шығын сомасы бұрын Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалған осы инвестициялар бойынша құнсыздану шығынын шегере отырып, амортизацияланған құн мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырма ретінде бағаланған жинақталған шығынды білдіреді.		Қаржы құралдарын өзара есепке алу  Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сомасы мына жағдайларда Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылады: <ul style="list-style-type: none"><li>қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға арналған заңды құқық болғанда;</li><li>нетто-негізде есептесуді жасау не болмаса активтерді өткізу және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда.</li></ul>		Қаржы құралдарының әділ құны  Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады. Белсенді нарықта саудалануы жүзеге асырылмайтын өзге қаржы құралдарының әділ құны ыңғайлы бағалау әдістемелері пайдалана отырып анықталады. Мұндай әдістемелерге мыналар кіруі мүмкін: <ul style="list-style-type: none"><li>коммерциялық негізде жуырда жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану;</li><li>ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану;</li><li>дисконтталған ақша ағындарын не болмаса бағалаудың басқа да үлгілерін талдау.</li></ul>	
Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.		Қаржылық міндеттемелеріне сауда кредиторлық берешек, Бас компанияның қарыздары жатады.		Қаржы құралдарының әділ құнын талдау және оны айқындау әдістері туралы қосымша ақпарат 27-ескертпеде келтіріледі.	
Одан кейінгі бағалау Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:		Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда кредиторлық берешек, Бас компанияның қарыздары жатады.		Құрылыс компанияларына берілген аванстар	
Сауда кредиторлық берешек Сауда кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шоттардың жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс болатын соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құн бойынша ескеріледі.		Одан кейінгі бағалау Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:		Құрылыс компанияларына берілген аванстар инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін төленген аванстық төлемдерді білдіреді. Құрылыс компанияларына берілген аванстар, егер болса, құнсыздануды шегеру арқылы үлестік қатысу шарттарын жасау күніне құны (нақты аударылған сома) бойынша бағаланады. Объектіге қатысты меншік құқығының құрылыс компаниясынан Топқа ауысу сәтіне құрылыс компанияларына берілген аванстың баптары жабылады.	

Жылдық есебі <b>2011</b>		2011 ЖЫЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ		 «Самұрық-Қазына» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ									
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ		Шоғырландырылған қаржылық есептілік		«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ									
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)				ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)									
4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)				4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)									
Инвестициялық жылжымайтын мүлік				Материалдық емес активтер									
<p>Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау ақысын немесе капитал құнының өсуінен болған кірісті немесе соны әлде басқасын алу үшін ұсталатын жылжымайтын мүлік кіреді. Жалдау шарттарында меншікте болатын жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келгенде инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Жалдау бойынша міндеттемелер жалға алынатын жылжымайтын мүліктен болатын сыйақының әділ құны бойынша 17 ХҚЕС-ке сәйкес мойындалады.</p>				<p>Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті жыл үшін Пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.</p>									
<p>Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Баланстық құнына, егер оларды мойындау критерийлері орындалса және инвестициялық жылжымайтын мүлікке ағымдағы қызмет көрсетуге шығындар болмаса, мұндай шығындардың пайда болу сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің бөліктерін ауыстыру құны кіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда мойындалғаннан кейін жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Тозу оның пайдалы пайдалану мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен есептеледі, әрі оның мерзімі 50 жылды құрайды.</p>				<p>Материалдық емес активтердің шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады. Пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі кезеңнің немесе жағдайға қарай амортизацияны есептеу әдісінің өзгеруі ретінде Қаржылық есептілікте көрсетіледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде ескереді. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясына жұмсалатын шығыстар материалдық емес активтердің функциясына сәйкес келетін шығыстардың сол санатындағы Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады.</p>									
